

Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игіліктерді сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекеттігімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр.

Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

4

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

8

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 3 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
876 852

II компонентпен
755 420

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

04.09.2021

Түнде:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

05.09.2021

Түнде:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+25+27 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ДАМУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҒЫМЫЗ

Алматы қаласы әкімінің төрағалығымен өткен қала активінде
Мемлекет басшысы Жолдауының тапсырмаларын іске асыру мәселелері қаралды



Актив отырысына қала әкімінің орынбасарлары, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес, ҰЕҰ, бизнес-қауымдастықтар мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Басты бағдар – қала экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету

Шаһар басшысы Б.Сағынтаев Президент Қ.Ж.Тоқаев өзінің Жолдауында халық пен мемлекеттің мүдделерін қорғауға негізделген экономиканың, әлеуметтік саланың, ішкі және сыртқы саясаттың барлық негізгі мәселелері бойынша өз ұстанымын білдіргенін атап өтті.

«Экономикалық салада Алматы әкімдігі жұмысының басымдықтары кәсіпкерлікті дамыту, инфляцияға қарсы әрекет ету, мемлекеттік қаржыны тиімді басқару, қала экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып саналады», – деп атап өтті мегаполис басшысы Б.Сағынтаев.

Пандемия салдарынан болған қиындықтарға қарамастан, қала экономикасы қалпына келудің жоғары қарқынын көрсетуде. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 109,1 пайызды құрайды. ШОБ қолдау үшін дағдарысқа қарсы шаралар қабылданды, мысалы, салықтан жылдық төлемдерден босату, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені кейінге қалдыру және субсидиялау.

Жыл басынан бері «Бизнестің жол картасы-2025», «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы», «ҚХА», «Алматы бизнес-2025» сияқты бағдарламалардың арқасында жалпы құны 191,6 млрд. теңге болатын 1,2 мыңнан астам жоба мақұлданды. Бұл 2,5 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді.

2

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ ЖЕҢІЛДЕЙДІ



Алматыдағы эпидемиологиялық ахуалдың тұрақтануына байланысты бүгіннен бастап карантиндік талаптар жеңілдейді. Осы тұрғыда қаланың мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшиннің жаңа қаулысы шықты.

Жаңа қаулыға сәйкес, Алматыда «ASHYQ» жобасына қатысатын барлық бизнес объектілерінің жұмыс уақыты сағат 22.00-ден 24.00-ге дейін, «ASHYQ» көшбасшыларының жұмыс уақыты сағат 24.00-ден 02.00-ге дейін ұзартылды.

8

ҚЫСҚА...

- Белгілі ғалым, тарихшы Виктор Козодой ұлт көсемі, Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов туралы «Дәуір аясындағы саяси портрет» атты кітап жазып шықты.
- Президенттік кадр резервіне құжат қабылдау жүріп жатыр, ол айдың аяғына дейін созылады.
- ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығымен күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын растайтын құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізілді.
- Мегаполисте «Бюджетке қатысу» жобасы бойынша құны 7 млрд. теңгенің 322 жобасы жүзеге асырылды.
- 4 пен 17 жас аралығындағы алматылық 6000-нан аса оқушы шығармашылық сабақтар мен үйірмелерге тегін қатысады. Ол үшін artport.edu.kz сайтына тіркелу керек.
- 12 жастағы Зарина Нұрғалиева шахматтан әлем кубогінің қола жүлдегері атанды.

www.almaty-akshamy.kz





Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ДАМУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҒЫМЫЗ

Алматы қаласы әкімінің төрағалығымен өткен қала активінде
Мемлекет басшысы Жолдауының тапсырмаларын іске асыру мәселелері қаралды

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

«Бұл бағдарламалар өздерінің тиімділігін көрсетті. Мемлекет басшысы «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға дейін ұзарту туралы шешім қабылданды. Сондықтан қала әкімінің орынбасарлары қажетті шараларды қабылдауға тиіс», – деп тапсырды Б.Сағынтаев.

Президент экономиканы одан әрі диверсификациялау, өндірілетін тауарлар ассортименті мен экспорт географиясын кеңейту міндетін қойды. 2021 жылдың қаңтар-мамыр айларында жүргізілген жұмыстың арқасында Алматы қаласының шикізаттық емес экспорт көлемі 813 миллион АҚШ долларын құрап, 32,8%-ға өсті. Бұл жұмыс, ең алдымен, экспортқа бағытталған жаңа өндірістерді іске қосу тұрғысынан күшейтілетін болады.

Б.Сағынтаев инфляцияны 4-6% дәлізге қайтару бойынша Президент қойған маңызды әлеуметтік тапсырмаға сәйкес бағаның өсуін тежеу шараларын жалғастыруды тапсырды.

Алматыда тамыз айындағы тұтыну бағасының индексі жыл басынан бері 105,6%-ды құрады. Бұл қалада жүзеге асырылған бірқатар кешенді және жедел шаралардың арқасында мүмкін болды. Осылайша «кері» сызбаны қолдану Алматыға азық-түлік тауарларының 15 түрін тұрақты бағамен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ірі сауда желілері мен азық-түлік өндірушілері қатысады. Жеті азық-түлік базарында «әлеуметтік дүкендер» ашылды, онда кейбір өнімдердің бағасы нарықтағы орташа бағадан 5–40%-ға төмен.

Алда тұрған басты міндет – Алматыда көтерме-бөлу орталықтарының желісін құру. Өндірушілер тек сауда желілеріне ғана емес, сонымен қатар өнімді сақтау, буып-түю және тасымалдау сияқты технологиялық операцияларға қол жеткізуі керек. Нәтижесінде дөңделген тізбегі қысқарды.

Алатау ауданында Ұлттық сауда-тарату желісінің орталығының құрылысына жылына 637 мың паллетке 17 гектар жер телімі бөлінді. Нысан құрылысының басталуы қараша айына жоспарланған, пайдалануға беру – 2023 жыл. Б.Сағынтаев осы стратегиялық нысанды жоспарлы түрде пайдалануға беруді қамтамасыз етуді тапсырды.

«Бюджетке қатысу» жобасы бойынша 322 жоба жүзеге асырылды

Бақытжан Сағынтаев мегаполис активінің отырысында «Бюджетке қатысу» жобасының үлесін арттыру бөлігінде Президент Жолдауының тапсырмаларын орындау шаралары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында абаттандыру мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бюджетіне «халықтың қатысуы» үлесін 10 есеге арттыруды тапсырды.

Б.Сағынтаевтың айтуынша, «Бюджетке қатысу» жобасы Алматыда екінші жыл жүзеге асырылуда, 23 тамадан бастап жобаны іске асырудың үшінші жылына өтінімдер қабылданды. Мәселен, екі жыл ішінде саябақтар, скверлер, аулаларды абаттандыру, қоғамдық орындарды жарықтандыру мен жөндеуге құны 7,3 млрд. теңге болатын 322 жоба (2020 ж. – 49 жоба, 2021 ж. – 273 жоба) жүзеге асырылды. Бұл жобаларға бюджеттің үлесі 5%-ды құрайды, бұл белгіленген ең төменгі көлемнен 10 есе көп. Ең төменгі көлем «тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобы үшін жылдық бюджеттің 0,5%-ынан кем емес. Ал екі ауданда – Алатау мен Наурызбайда бюджеттің үлесі ең төменгі шекті деңгейден 15 есе жоғары.

«Болашақта «Бюджетке қатысу» жобасы аясында біз қаржыландыруды көбейтіп қана қоймай, атап айтқанда қаланың шеткі бөлігі үшін жобаларды іріктеу процедураларын одан әрі жетілдіруді жоспарлаудамыз. Яғни жыл бойы тұрғындардың ұсыныстарын жинау жоспарлануда», – деді Б.Сағынтаев.

Мемлекеттік қызметтердің

98 пайызға жуығы автоматтандырылған Алматы қаласының әкімі Мемлекет басшысының Жолдауында қойылған цифрландыру мен АТ саласын дамыту жөніндегі міндеттердің шешімі туралы да хабарлады.



Президент Қ.Ж.Тоқаев Жолдауда терең цифрландыру мен отандық АТ саласын нығайту мәселелеріне назар аударды. Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуразия аймағының маңызды бөлігінде орталық цифрлық хабқа айналуы керектігін атап өтті.

«Алматы бұл міндетті жүзеге асыруға өз үлесін қосуға тиіс. Оның үстіне, өздеріңіз білесіздер, экономика саласы ретінде цифрландыруды дамыту – қала экономикасының құрылымын диверсификациялау жөніндегі бағыттың стратегиялық басымдығы», – деді Б.Сағынтаев.

Бүгін шаһарда мемлекеттік қызметтердің 97,8% автоматтандырылған. 2025 жылға дейін барлық мемлекеттік қызметтерді смартфонмен электронды форматта ұсыну бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

«2025 жылға дейін Smart Almaty стратегиясы әзірленді, қаладағы барлық АТ-компаниялардың тізілімі құрылды. Қаланың «цифрлық егізін» дамыту жұмыстары жүргізілуде. Біз мегаполистің Big data мен жасанды интеллект негізінде тиімді басқаруға ұмтыламыз», – деді қала әкімі.

Алматыдағы IT-қауымдастықты қолдау және дамыту үшін қаланың барлық университеттері мен технологиялық компаниялары бірлігіретін бірыңғай байланыс кеңістігі іске қосылды. Жыл соңына дейін «Француз мектебі 01 үлгісінде» 2 мың адамға арналған лицензиясы бар бағдарламалау мектебін ашу жоспарлануда. Алғашқы кездесу келесі жылға жоспарланған. Сондай-ақ, Алматының әр ауданында жеке инвестицияларды барынша тарта отырып, бағдарламалау, радиоэлектроника және АТ-инкубаторлар мектептерін ашу жоспарлануда.

Эпидемиологиялық ахуал тұрақтана бастады

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев отырыста Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру және қаланың денсаулық сақтау жүйесін дамыту шаралары туралы айтты.

Қ.Ж.Тоқаев халыққа Жолдауында КВИ пандемиясымен күресу, ең алдымен халықты вакцинациялау және профилактикалық екенің Ұлттық күнтізбесін орындау міндеттерін қойды.

Қалада 200-ге жуық екпе пункттері бар. Қазірдің өзінде бірінші компонентпен 875 мың адам, екіншісімен 748 мың адам вакциналанды.

Вакциналардың үздіксіз жеткізілуі қамтамасыз етілді. Қалаға барлығы 992 мың доза әкелінді. Б.Сағынтаев тұрғындар арасында иммундық қабатты қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Шаһар басшысы коронавирустық инфекцияның таралу динамикасы туралы айта келіп, ахуалдың тұрақтана бастағаны туралы хабарлады.

«Қабылданған шаралардың нәтижесінде Алматыда санитарлық-эпидемиологиялық ахуал тұрақтана бастады. Дерт деңгейінің тенденциясы төмендеуде. Бүгінде біз алматылықтардың тәуліктік жұқтыру деңгейінің өткен апталармен салыстырғанда 300 адамға азайғанын байқадық», – деді Бақытжан Сағынтаев.

Сонымен қатар, жедел жәрдемге қоңырау шалу саны күніне 4 мыңнан 2,4 мыңға дейін азайды. Науқастарды ауруханаға жатқызу көрсеткіші де екі есе төмендеді: төртінші толқынның шарықтау шегіндегі 800-ден 400-ге жуық адамға дейін. Бүгінде 9 мыңға жуық төсек-орын қолданыста, тағы бір мыңы резервте.

Инфекциялық төсек-орындардың пайдаланылуы 55%-ды, реанимацияда 54%-ды құрайды. Егер бұрын үйдегі стационарда 14,5 мың адам болса, қазір олардың саны 9,8 мың.

«Дегенмен, ауыр зардап пен өлімге әкелетін жаңа індеттер қаупі әлі де бар. Сондықтан инфекцияның алдын алу, эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу, жұқтырудың жаппай тізбегін болдырмау стратегиялық міндет болып қала береді», – деп атап өтті Алматы қаласының әкімі. Ол медициналық қызметтердің барлық спектріндегі сапалы қызметтің маңызын қадап тұрып айтты. АМСАК жүйесі скринингтік және профилактикалық тексерулерді жалғастыруға тиіс.

Сондай-ақ, Б.Сағынтаев қаланың денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары жалғаса беретінін айтты. Соңғы екі жылда, пандемияға қарамастан, екі модульдік аурухана мен 1080 төсек-орынды инфекциялық аурухананың филиалы салынды. Қаладағы 18 ірі ауруханада оттегі станциялары орнатылды. Көріздік ағындар мен медициналық қалдықтарды залалсыздандыру жүйелері жаңарды.

Ана мен баланың денсаулығын қорғау үшін типтік қабылдау бөлімі және таза бөлмелер кешені әрі заманауи операциялық блогы, реанимация бөлімі бар құрылыс жобасы әзірленуде. Сондай-ақ, жаңа дәрігерлік амбулаториялық-емханалық мекемелер салу жоспары жасалды.

«Әкімдікке қарасты қаланың медициналық ұйымдарында 19 мыңнан астам медицина қызметкері жұмыс істейді. Медициналық кадрлардың тапшылығын азайту үшін жол картасы жүзеге асырылуда, 120 резидентті өте тапшы медициналық мамандықтар бойынша оқыту үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді», – деді Б.Сағынтаев. Өйткені, қаланың денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру – басты міндеттердің бірі.

40 мың баланың спортпен тегін айналысуы үшін 1,5 млрд. теңге бөлінді

Бұқаралық спортты дамыту мен балаларды денешынықтыру сабағына тарту шаралары туралы да әңгіме өрбіді.

Қалада әр баланың тегін спорт секцияларына баруы үшін 1,5 миллиард теңге бөлінді. Бұл 40 мың баланың спорт секцияларына тегін баруына мүмкіндік береді. Қаланың барлық ауданында тегін спорт секциялары және үйірмелері бар 50 денемалық орталығы жұмыс істейді, мұнда 5,2 мыңнан астам адам қамтылған.

Жеті спорттық нысанның құрылысы жүргізілуде – 6 денешынықтыру-сауықтыру кешені мен теннис орталығы. Жекеменшік ұйымдар бес үлкен спорт нысанын салып жатыр. Бұл үстел теннисінің орталығы, Сұңқар ХШТК кешені, «Жұлдыз» шағынауданындағы ДСК, «Май вин» ДСК, Әуезов ауданындағы спорттық күрес орталығы, «Жан досым» теннис орталығы.

Атлетикалық ауылдың жанынан жабық жеңіл атлетикалық манеж салу жоспарлануда. Спорт нысандарын біртіндеп жалпы құны 3 млрд. теңге болатын спорттық құрылыстармен жабдықтаудың жоспары дайындалды.

«Жан басына шаққанда тиімді қаржыландыруды дамыту, бюджет қаржысын пайдаланудың тиімділігін арттыру, спорттық инвестиция ағынын ынталандыру, материалдық-техникалық базаны нығайту, жаттықтырушылар құрамы мен кадрларды дамыту және таланттарды қолдау – біздің алдымызда тұрған басты міндеттер», – деп атап өтті Б.Сағынтаев.

«Алматы мектептері» бағдарламасы жүзеге асырылады

Мемлекет басшысы Жолдауда білімге, мұғалімдерге қолдау көрсетуге, олардың еңбек жағдайларын жақсартуға ерекше назар аударды. Мәселен, жыл басынан бері мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға өсті. Алматыда жас мұғалімнің орташа жалақысы 157 мың теңгені құрайды. Жалақыны өсіру есебінен мұғалімдердің орташа жалақысы 2022 жылы 183 мың теңгені құрайтын болады.

Педагогтердің мотивациясы мен біліктілік деңгейін арттыру, білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамыту үшін «Алматы мектептері» қалалық бағдарламасы жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қашықтан білім беру форматтары үшін ақпараттық жүйелердің сапасын арттыру мәселесі пысықталатын болады. Бұл орайда қаланың жекелеген ықшамаудандарында интернеттің өткізу қабілеттілігін арттыру мәселелерін шешуге назар аударылады.

Бұдан басқа, 2025 жылға қарай барлық білім беру ұйымдарында қолжетімділікті қамтамасыз ету және инклюзивті білім беру жұмысы жалғасатын болады. Б.Сағынтаев Білім басқармасына халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жоғары оқу орындарына конкурстық негізде түсуге гранттармен қамтамасыз ету мәселесін пысықтауды тапсырды.

Дарынды балаларды жан-жақты қолдау, оларға бір реттік ақшалай сыйлықақы төлеу, сондай-ақ дарынды оқушыларды тәрбиелеген мұғалімдерді көтермелеу мүмкіндігі де қарастырылатын болады.

Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан 23 мың балаға Жаппай білім беру қорының көмегі көрсетілді. Жаңа оқу жылының басталуымен «Мектепке жол» акциясы арқылы 800 миллион теңгеден астам көмек берілді. Сонымен қатар, осы санаттағы балалар мектепте тегін тамақтанатын болады.

Негізгі мәселелердің бірі – оқушы орындарының тапшылығын азайту. Биыл 3,5 мың оқушыға арналған 11 жекеменшік мектеп ашылды, 4150 орынды 9 жаңа ғимарат пайдалануға берілді. 4113 орынды тағы 8 ғимарат қазан айының соңына дейін пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, 12,6 мың оқушыға арналған 8 мектептің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, 2023 жылға қарай 2650 орынды төрт мектеп пен 2650 орынды бар мектептер үшін 7 ғимарат салу жоспарлануда. 2340 балаға арналған 10 балабақшаның құрылысы бойынша жобалар әзірленуде.

Мемлекет басшысының 2025 жылдың соңына дейін мыңдаған мектептердің құрылысы бойынша берген тапсырмасын орындау мақсатында қала әкімі Б.Сағынтаев оқушы орындарын ұлғайту бойынша шаралар мен жаңа тәсілдер кешенін әзірлеуді тапсырды.

NEET санатындағы жастарға назар аударып, «Тегін ТЖКБ» жобасын іске асыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес балаларды кәсіпке ерте бағыттау бойынша жұмыс күшейтіледі. Бұл ретте ұлттық цифрландыру жобасы аясында жоғары сапалы АТ мамандарын даярлауға баса назар аударылатын болады.

«Жаңа Алматы» кешенді даму жоспарын іске асыру жалғасуда

Жиында мегаполис әкімі стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру туралы хабарлады.

Шаһарда 2020–2024 жылдарға арналған «Жаңа Алматы» кешенді даму жоспарын іске асыру жалғасуда. Жыл сайын шамамен, 200 млрд. теңге көлемінде қажыландырылуда. Жоспарға қала шетіндегі көлік, бизнес, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша 286 жоба кіреді.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында экологиялық мәселелерді шешу қажеттігін атап өтті. Б.Сағынтаевтың айтуынша, соңғы 11 жылда жылжымалы көздерден шығатын залалды заттар айтарлықтай төмендеді – 128 мыңнан 70 мың тоннаға дейін және жеке сектордан 16 мыңнан 1 мың тоннаға дейін.

Қаладағы экологиялық жағдайды жақсартудағы басты мәселенің бірі – ЖЭО-2 мен ЖЭО-3-ті газға көшіру. Соның арқасында залалды қалдықтар 7,5 есеге – жылына 50 мыңнан 6,7 мың тоннаға дейін төмендейтін болады.

Ауаның ластануын болдырмау, ең алдымен, көліктерден шығатын залалды заттарды азайту үшін қаланың кіреберістеріне 12 экологиялық пост орнатылды, оның 9-ы тұрақты жұмыс істейді. Сондай-ақ, үш мобильді пост пен жылжымалы экологиялық зертхана са-тып алынады.

Қаланы көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. «Жасыл Алматы» бағдарламасы бойынша қазірдің өзінде 480 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Биыл 350 мың ағаш отырғызу жоспарлануда. Жалпы, 2022 жылдың соңына дейін 1 миллион ағаш отырғызу жоспарлануда.



ОНЛАЙН-БРИФИНГ

Өнерге баулитын орталық



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Қаланың мәдени объектілері тұрғындар мен халық үшін барынша қолжетімді бола түсуде. Бұл ретте дәстүрлі мәдениетке қолдау көрсетіліп, мәдени өнімдерді әлемдік нарыққа шығару қолға алынбақ.

Бұл туралы қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев онлайн-брифинг кезінде мәлімдеді. Президент осы аптада халыққа арнаған Жолдауында келер жылдан бастап мәдениет қызметкерлерінің жалақысы көтерілетінін, сондай-ақ білім мен денсаулық сақтау саласында әлеуметтік жеңілдіктер берілетінін айтқан болатын.

Спикер Мемлекет басшысының сөзінде мәдениет саласының алдына ауқымды міндеттер қойылғанын, әсіресе, оның талантты өкілдерін, елдің дамуындағы зиялы қауымның рөліне ерекше мән берілгенін еске алды.

«Алға қойылған міндетті шешу үшін біз келесі бастамаларды жүзеге асырудамыз. Біріншіден, қаланың мәдени объектілерін барша тұрғындар мен халық үшін барынша қолжетімді ету. Екіншіден, дәстүрлі халық мәдениетін қолдау. Үшіншіден, мәдени өнімдерді әлемдік нарыққа шығару», – деді Ғ.Майлыбаев.

Алматы қаласы ЮНЕСКО-ның креативті қалалар желісіне мүше болуының арқасында «Музыка» шығармашылық бағыты бойынша бүкіл әлемге танымал. Жыл сайын қалада «open-air» форматында 100-ге жуық ірі мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізіледі. Пандемиялық режимде бұл сала дамуын жалғастыруда.

Шаһардың мәдени инфрақұрылымында 160 мәдени нысан мен ұйымдар ойдағыдай жұмыс жасауда.

Брифинг кезінде биыл қалада 16 кітапхана модернизациядан өткендігі белгілі болды. Кітапханалар форматы жаңартылған соң келушілер саны 60%-дан асқан. Егер кітапханаға жөндеу жұмыстары жүргізілгенге дейін 758000 адам келсе, бүгінде келушілердің саны 1 260 000-ға жетті.

– Жаңа кітапханалар сыртқы келбетін өзгертіп қана қоймай,



жұмыс режимін де өзгертті. Енді олар аптаның жеті күні күн сайын 9.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Модернизациядан кейін әр кітапханада орындар саны артты, жеке жұмысқа, қарым-қатынасқа, іс-шараларға және интернет-бөлмелерге арналған түрлі бұрыштар құрылды, – деді спикер.

Басқарма басшылары кітапханаларға жаңа тыныс берілгенін, мұнда тегін шығармашылық үйірмелер өткізілетінін, әдеби сурет залдары мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылғанын айтты. Модернизациядан кейін 90-нан астам үйірме құрылса, оған 9400-ден астам адам қатысады. Сөз арасында басқарма басшысы биыл Бостандық пен Медеу аудандарында 2 қалалық кітапхана жаңғыртылатынын айтты.

Қаладағы Мәуленов көшесі, 46 мекенжайда жаңа кітапхана, сондай-ақ Назарбаев даңғылы, 122 мекенжайда «MEDEU CREATIVE HUB» музыкалық өнерге баулитын жастар орталықтары ашылады. Мұнда жыл сайын 500-ден астам іс-шара өткізу жоспарлануда.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда
160
мәдени нысан мен ұйым жұмыс жасауда.



Қалада **200-ге** жуық екпе пункті бар.



Алматының шикізаттық емес экспорт көлемі
32,8%-ға
өскен.



Соңғы екі жылда қалада «Бюджетке қатысу» жобасы аясында
322 жоба
жүзеге асырылды.



Мегаполисте 2022 жылдың соңына дейін
1 миллион
ағаш отырғызу жоспарлануда.

БАҒДАРЛАМА

«Балалардың жол қауіпсіздігі»



Әсел
ДАҒЖАН

Қала мектептері жанындағы белгілеу мен жол белгілері жаңартылды.

Алдымен «Балалардың жол қауіпсіздігі» бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мекемелерге іргелес жатқан жол учаскелерінің жабдықталуына байланысты зерттеу жүргізілген.

«Бүгінгі күні аудан бойынша 207 жалпы білім беретін және мектепке дейінгі мекеме-

лерде 1.14.4 «Жаяу жүргіншілер өткелі» жол белгілері сызылды, 139 жол белгісі қалпына келтірілді және 313 жол белгісі орнатылды, 9 мың 900 ш.м. жол белгілері мен 30-дан астам жасанды теңіздіктер орнатылды», – деді Алматы қаласы ІД Әкімшілік полиция басқармасының басшысы Нұрлан Аманбек.

Бұл алдын алу іс-шарасы жол-көлік жарақаттарының алдын алуға және балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының деңгейін төмендетуге бағытталған.

«Патрульдік полиция қызметкерлері ав-

токөлік жүргізушілерімен балаларды автокөлікте тасымалдау кезінде қауіпсіздік белбеуін және қауіпсіздікті сақтау құралдарын міндетті түрде қолдану қажеттілігін айтып, сондай-ақ орта мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің аймағында 40 км/сағ жылдамдықты сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуде. Сонымен қатар, біз ата-аналардың назарын балаларға үйден мектепке дейін және кері қарай бірнеше қауіпсіз жолдарды көрсету қажеттілігіне аударамыз», – деді Н.Аманбек.

Бұған дейін Алматы полициясы жаңа оқу жылының офлайн-режимде басталуымен 23 тамыздан бастап шаһарда жалпыреспубликалық «Назар аударыңыз, балалар!» жедел алдын алу іс-шарасын өткізген болатын.

ОЛИМПИАДА

Оқушылар да сыйақы алады



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы жаңа оқу жылы жағымды жаңалықпен басталуда. Бұдан былай пәндік олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанған мектеп оқушылары да спортшылар сияқты қаржылай сыйақымен марапатталатын болды.

Президенттің Жолдауынан соң Білім және ғылым министрлігі олимпиадалар тізбесін бекіту бойынша тиісті өзгерістер енгізді. Халықаралық зияткерлік олимпиада жеңімпаздары 4,5 миллионға жуық біржолғы сыйақы алатын болды. Олимпиада жеңімпаздарын дайындаған педагог, тәлімгерлер де біржолғы сыйақы алады. Министрліктің мәлі-

метінше, Халықаралық олимпиадаларда алтын жүлде иеленгендер 1500 айлық АЕК – 4 375 500, күміс жүлдегерлер 1000 АЕК – 2 917 000, қола жүлде алғандар 500 АЕК – 1 458 500 теңге көлемінде біржолғы сыйақы алатын болды. Министрдің айтуынша, Халықаралық олимпиада жеңімпаздарына конкурсқа қатыспай-ақ, жоғары оқу орындарына түсуге грант тағайындау заңмен белгіленбекші.

Бұл өз кезегінде сапалық өзгерістерге де өз әсерін тигізеді. Осы жылға дейінгі олимпиадалар тізбесінде 56 олимпиадалық іс-шара қарастырылған болса, бүгінгі күні бекітілген тізімде олардың саны 175-ке жетті. Әртүрлі бағыттарда дарындылықты анықтайтын олимпиадалардың саны ғана емес, жарыстардың сапалық сипаттамалары да өзгерді.



Жалпы, жаңа ережеге сай, енді барлық олимпиаданың мектептік, аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейлері болуы шарт. Өйткені, бұл ең алдымен, балаларды ынталандыру үшін маңызды әрі педагогтердің еңбегін көтермелеу тұрғысынан да аса қажет. Қол жеткізілген нәтижелер олардың қызметін, біліктілігін бағалау кезінде электронды түрде мұғалімнен сұраусыз-ақ ескеріледі. Екіншіден, бастауыш сынып оқушылары мен орта буын оқушылары үшін бұған дейін тізбеде ешбір олимпиадалар қарастырылмаса, жаңа тізбеге осы буындар бойынша тиісті олимпиадалар негізгі пәндер тұрғысынан енгізіліп отыр.

Биылғы өзгеріс ауыл оқушылары үшін де оң нәтижелі болмақшы. Ауыл мектептерінде оқитын оқушылар үшін де зияткерлік жарыстар қарастырылып отыр. Өйткені, көп жағдайда ауылдық оқушылар қалалық гимназия, лицей оқушыларымен бірге қатысып, бәсекелесуге мүмкіндіктері болмай жатады. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде де зияткерлік жарыстар қарастырылатын болды. Осылайша дарынды балаларға арналған мектептер мен жалпы орта білім беретін мектептердің ерекшеліктері ескерілмекші.

Биылғы өзгерістердің қатарында мектеп оқушыларына арналған жоғары оқу орындарының олимпиадалары да анықталды. Жаңа оқу жылының басында барлық ұйым олимпиадалар мен конкурстарды өткізу туралы ережелерді, ондағы бағалау өлшемшартын, қатысу шарттарын, өткізу мерзімдерін атап, толық ақпаратты білім мекемелеріне жеткізетін болды. Барша жарысқа қатысушылардың базасы және олардың нәтижелері Ұлттық деректер қоры жүйесінде электронды түрде қолжетімді болады. Сонымен бірге, жарыстар тізбесінде экология, SMART-технологиялар мәселелері, конкурстар мен олимпиадалар, зерттеу конкурстары енгізілді. Ең бастысы, Білім және ғылым министрлігі ұйымдастыратын олимпиадалар оқушылар үшін ақысыз негізде өтеді.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Айгүл МӘЛІКОВА,
«Nur Otan»
партиясының мүшесі:

– Тәуелсіз Қазақстанның тарихы түрлі оқиғаларға бай. 30 жыл ішінде біз елеулі экономикалық жетістіктерге қол жеткіздік, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап, оны еселедік, ұлтаралық келісімді нығайттық, орнықты әрі сауатты сыртқы саясатты орнаттық. Бүгінде Қазақстан – қарқынды дамып келе жатқан, өз тарихы, жеңістері мен жетістіктері бар ел.

Менің жеке табысымның тарихы Тәуелсіз Қазақстанмен – шаңырағыммен тікелей байланысты. Биология және химия мұғалімімін. Әрқашан бір орында тұрмай, жаңа нәрсені үйреніп, жаңа жеңістерге қол жеткізім келді. Біртіндеп қадам жасай отырып, мұғалімнен №20 мектеп-лицейінің директорлығына және №17 жалпы білім беретін мамандандырылған дифференциалды оқыту мектебіне дейін жеттім. Мен Қазақстан үлкен перспективалар мен мүмкіндіктер еліне айналуы тиіс екенін нақты ұқтым. Ол үшін әрбір азамат белсенді болуға және нақты азаматтық ұстанымға ие болуға тиіс.



Ақжол БЕЛҚОЖАЕВ,
қоғам белсендісі:

– «Қазақстан» дегенде әрбір қазақтың жүрегі шымырлап қоя беретіні анық. Себебі, осы тәуелсіз Қазақстанмен бірге өсіп, бірге жетіліп келеміз. Тәуелсіз ел болып танылғалы бері аз ғана уақыт ішінде жеткен жетістіктеріміз аз емес. Осы уақыт аралығында әлем таныған елге айналдық, әлем мойындаған даңқты спортшыларымыз, білімді жас ұрпағымыз, одан кейінгі әлем тамсанған «EXPO 2017» көрмесі, универсиада сынды елімізде өткен үлкен іс-шаралар әлем жұртшылығына елімізді тануды еселей түскені анық. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болса, алар асуымыз әлі алда деп ойлаймын. Мәртебесі биік мемлекеттік қызметші болып тәуелсіз мемлекетімізде қызмет жасап жатқанымға мақтанамын.



Қадыржан АМАНЖОЛОВ,
студент:

– Халқымызда «Елу жылда – ел жаңа» деген сөз бар. Ал біз елдің жаңаруына, адам танымстай түлеп-өркендеуіне небәрі 20 жыл ішінде қол жеткіздік. Біздің Отанымыз – әлемнің дуалы ауыз саясаткерлері, өркениет төріндегі мемлекеттердің басшылары, көрнекті қоғам қайраткерлері жиі-жиі бас қосатын сыйлы да беделді шаңыраққа айналды. Мұның бәрі, ең алдымен, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев ұстанып отырған сындарлы саясаттың нақты жемісі. Елбасымыз әлемді таңқалдырған ел жетістіктерінің астарын «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деп ашып берді. Тәуелсіздік бастауы – ерлік дәстүрі екендігін естен шығармайық.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Гуманистік реттеу бағдарламасы



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда үйсіз жануарлардың санын гуманистік реттеу бойынша жұмыс басталды.

Шаһар басшысының өкімімен қаңғыбас жануарлардың санын адамгершілікпен реттеу жөніндегі комиссия құрылды.

Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Дамир Тазабектің айтуынша, жаңадан құрылған комиссия иесіз жануарлардың қала көшелерінде жүріп-тұру мәселесін қарастырады. Сонымен қатар, үй жануарларын ұстау жауапкершілігі мен мәдениетін арттыруға септігін тигізеді.

Комиссия құрамына ветеринария саласындағы ғылыми қызметкерлер, «Nur Otan» партиясы мен ҚХП-нан мәслихат депутаттары, ветеринарлық клиникалардың, қоғамдық жануарларды қорғау ұйымдарының өкілдері кірген.

Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының ветеринария бөлімінің басшысы Әйгерім Жақсылықтың айтуынша, Алматыда 45 000 үй жануары чиптелді. Чиппен қатар жыл сайын ит пен мысыққа құтыруға қарсы вакциналау жүргізіледі. Спикер 2021 жылдың басынан бері қалалық ветеринарлық қызмет асырап алу бағдарламасы бойынша 180 мысық паналайтын орындарды табуға көмектескенін айтты. Олар тиісті орындарға жеткізіліп, тіпті бұл іске бей-жай қарамайтын қала тұрғындары өз қамқорлық-



тарына алды. Қаңғыбас жануарлардың мәселесін болдырмау үшін микрочиптер орнатылатынын айта келіп, олардың көшеде жосып жүруінің негізгі себептері сыртқа босату, жоғалту және далаға тастап кету екендігін жеткізді. Басқарма өкілінің сөзінше, табылған жануарда чиптің болуы оны үйге қайтаруға немесе иесін жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алматылықтардың үй жануарлары туралы барлық деректер PetControl бірыңғай иттер мен мысықтарды сәйкестендіру деректер базасына енгізілетін болады.

Үй иттері мен мысықтарын стерилизациялау мен кастрациялау мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасады. 2024 жылға қарай Алматыда 28 000 жануар осы процедурадан өтеді.

«Бағдарлама үйсіз үй жануарларының санын гуманистік реттеуге бағытталған. Өйткені, үй жануарларының ұрпақтары жыл сайын қаңғыбас жануарлардың популяциясын толықтырады. Стерилизация мен кастрация бағдарлама-

сы жылына 2 рет, ақпан мен тамызда жүргізілетін болады», – деді Ә.Жақсылық.

Үстіміздегі жылы үй жануарларын тегін стерилизациялау және кастрациялау бағдарламасы 4000-ға жуық ит пен мысықты қамтуды жоспарлануда. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу конкурсы жүріп жатыр. Бағдарламаның басталуы қыркүйектің ортасына жоспарланған.

Брифинг барысында «Kare-Забота» қоғамдық қорының президенті Юлия Коваленко жергілікті атқарушы органдар тарапынан үйсіз жануарларға назар аударылғанына қуанышты екенін жеткізді. Қор басшысы олардың жануарларды қорғау ұйымы 2008 жылдан бері ерікті түрде жұмыс істейтінін айтты. Оның пікірінше, үй жануарлары ерекше назар аударуды қажет етеді және олардың жүйелі мәселелерін шешу үшін әкімдіктің қолдауы қажет.

Зооқорғаушы әкімдік ұсынған Алматы қаласы үшін жануарлар санын гуманистік реттеу бағдарламасы мен басқа да бірқатар қолдау шаралары бірқатар әлеуметтік маңызды мәселелерді шешетінін атап өтті.

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Алматы халқы шаһарды абаттандыру мен санитарлық тазарту мақсатында жыл сайын жалпықалалық сенбілік өткізетін. Бірақ өткен жылы ғана бұл шара өз деңгейінде өтпеді. Себебі, белгілі. Пандемия белең алған кезде елімізде сенбілік өткізу емес, көшеге шығу мұң болған. Қиын сәтте қаладағы тазалық шараларын арнайы мамандар жүргізіп отырды. Ал алматылықтар үйде отырып, жеке бас гигиенасын қатаң сақтап, тазалық мәдениетін қалыптастыруды барынша нығайтты. Міне, бүгін соның арқасында қауіпті індеттің күші қайта бастағандай... Бұл сөзімізді Алматының бас санитар-дәрігері карантин талаптарын жеңілдету жөнінде шығарған қаулы да дәлелдей түседі.

Міне, Алматыға күз келді. Енді аз күнде аяқ астында сарғайған жапырақтар сыбдыры көбейіп, көшелерге түсіп, тола бастайды. Жіні тазартылып жатыр дегенмен, көшелердің жиектері, арықтар желісі, аулалар, бос жатқан жерлер, саябақтар, гүлзарлар, өзен мен су жағалаулары және басқа да жерлерде қоқыстар жетерлік.

Міне, осындай қоқыс қалдықтарынан айналымызды тазарту үшін Қала күні қарсаңында шаһарға жалпықалалық сенбілік қажет-ақ. Неге десеніз, тазалық бар жерде кез келген жұқпалы аурулардың таралу қаупі едәуір төмен болады. Одан бөлек, тазалық қоршаған ортаға да пайдасын тигізеді. Ал мұндай халықты ауызбіршілікке шақыратын игілікті іс Алматыны коқыстан бір тазартып, серпілтіп тастары сөзсіз.

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ»

Үміт ақталуда



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Ағымдағы жылы Алатау ауданында Алматы қаласының «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында 31 жоба жүзеге асырылуда.

Аталған жобалар бойынша жұмыстың орындалуы 50%-ды құрайды. Биылғы жөндеу жұмыстары кезінде асфальт төсеу, орындықтар, қоқыс жәшіктерін және жарық шамдар орнату, балалар мен спорт алаңының құрылысы қарастырылады. Жобаларды іске асыруды аяқтау ағымдағы жылдың 15 қарашасына жоспарланған.

Сонымен қатар, ауданда жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерін күтіп-ұстау бойынша қызмет көрсететін мердігер мекемелердің жұмысы тексеріліп, анықталған ақауларды жою бойынша бірқатар тапсырмалар берілді. Алатау ауданында 19 жерүсті және 5 жерасты жаяу жүргіншілер өткелі бар, 18 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі бойынша күрделі жөндеу жүргізуге жобалау-сметалық

құжаттама әзірленді, қаражат бөлінген жағдайда жөндеу жұмыстары 2021 жылдың соңына дейін жүзеге асады.

Сондай-ақ, Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Әзірбаевтың төрағалық етуімен Алатау ауданы аумағындағы су және кәріз желілері және жол құрылысы жүргізіліп жатқан «Алғабас» шағынауданында көшпелі жиналыс ұйымдастырылды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары тарапынан тиісті мердігер мекемеге шағынаудан тұрғындарын жаңа жол және орталықтандырылған инженерлік желілермен қамтамасыз етуде атқарып жатқан жұмыстарын сапалы орындап, уақытылы қолданысқа беру үшін бірқатар тапсырмалар берілді.

Іссапар барысында аудандағы спортшыларға арналған қонақүй мен жабық футбол алаңы, үстел теннис орталығының құрылысына назар аударылды. «Саялы» ықшамауданындағы 1800 орынға арналған мектептің құрылысы тексерілді. Алатау ауданында индустриалды аймақта Энергетика басқармасы салып жатқан өрт сөндіру бекетінің сапасы сараланды.

ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ



«НҮРЛЫ ЖЕР»

Жеделсатылар жаңартылады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Алматыда 304 жеделсаты ауыстырылды. Сала мамандарының айтуынша, жоспарға сәйкес, жыл соңына дейін тағы 30 лифт алмастырылуы тиіс. Тұрғындарға қолайлы болу үшін жоғары сападағы техника алынған. Жұмыс механизмі ұдайы бақыланып отыратын жедел сатылардың қолданыс мерзімі – 25 жыл.

Қалалық тұрғын үй саясаты басқармасы жыл сайын жөндеуі не алмастырылуы тиіс лифттердің тізімін дайындайды. Мәселен, өткен жылы 302 жеделсаты ауыстырылса, 2022 жылы тағы 300-і жаңармақ. Жұмыс осы қарқынмен жүрсе, алдағы 5 жылда шаһардың тұрғын үй қорындағы барлық ескірген жедел сатылар ауыстырылады деп жоспарланып отыр.

Қалалық тұрғын үй саясаты басқармасының бөлім басшысы Хаден Машкановтың айтуынша, жеделсатыларды жаңғырту мәселесі бойынша тапсырма берілген. Оны орындау барысында Алматы тұрғын үй саясаты басқармасы көптеген жұмыстар жүргізіп жатыр.

Заманауи үлгідегі қолданысқа қолайлы жеделсатылар қала тұрғындарының да көңілінен шығуда.



Ақан БИЖАНОВ, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, саяси ғылымның докторы, профессор:

ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУҒА КӨНІЛ БӨЛІНЕТІНІ ҚУАНТАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Жолдауды мұқият тыңдадым. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында әлеуметтік салаларға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Әлемдік пандемия қазақстандықтардың табысына салдарын тигізбей қойған жоқ. Осыны ескерген Президент табыс пен тұрмыс сапасы жоғары мемлекет құру үшін елімізде келесі жылдан бастап ең төменгі жалақыны 42 500 теңгеден 60 мың теңгеге арттыруды тапсырды. Бұған дейін педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өскенін айта келіп, алдағы уақытта бюджеттен қаржыландырылатын өзге сала қызметкерлерінің де жалақысының көбейетінін айтты. Демек, 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет музей қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілері және т.с.с. осы санаттағы қызметкерлердің жалақысы артады.

Жалақының өсуі халыққа үлкен рухани серпіліс береді. Қысқасы, мемлекетіміздің қауіпсіздігін сақтау, тұрақтылық пен бірлікті нығайту, халықтың әл-ауқатын көтеруді басты мақсат ететін маңызды құжатта барлық мәселе қамтылған. Банк саласында, шаруашылық, азық-түлік пен тұрғын үй мәселесінде де тың серпіліс бар. Мұндай жағдайлар ел экономикасына, халықтың тұрмыс жағдайының жақсара түсуіне үлкен әсер ететіні сөзсіз. Өйткені, Жолдауда халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға негізделген тапсырмалар жетерлік. Қуантатыны да осы.

Мен Мемлекет басшысының ел дамуына бағытталған саясатын толығымен қолдаймын және үкіметке берілген тапсырмалары мен алға қойылған мақсаттарының орындалуына тілектеспін.

Бекнұр КИСИКОВ, жазушы, қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі, Еуразиялық франчайзинг қауымдастығының төрағасы:

ДӘРЕЖЕСІ ЖОҒАРЫ, МАҢЫЗЫ ЗОР



Бұл Жолдауды күттік. Өйткені, қазіргі күні оның маңызы зор, дәрежесі жоғары. Көп мәселені көтерді. Президентіміз кіші қалалар туралы, оларға көп назар аударылатыны туралы нақты айтты. Ол өте орынды. Мәселен, Арал, Жаңаөзен, Сәтбаев секілді кіші қалалар қолдауға зәру. Оларды әлеуметтік, экономикалық, кәсіпкерлік жағынан қамтамасыз ету керек. Маған ұнаған екінші мәселе – балық шаруашылығын дамыту, көтеру. Мәселен, Кеңес үкіметі кезінде бізде балық шаруашылығы жақсы болған. Ол кезде Каспий, Арал теңізі, Балқаш жан-жақтан балықты төгіп тұрды.

Бүгінде ол тоқтап, біз балық шаруашылығын жоғалттық. Сол шаруашылық жанданса, көпке тамақ, жұмыс болар еді. Ауыл әкімдерін сайлау мәселесі де маңызды. Мемлекеттік институттарды 50 пайызға дейін қысқарту, шенеуніктердің санын қысқарту туралы ойы да ұнады. Бұл ретте жұмыссыздық мәселесі туындағанмен, жұмыс сапасы көтеріледі. Кіші кәсіпкерлерді қолдау туралы айтқаны да орынды. Өйткені, пандемия жағдайында олардың бірінің кәсібі тұралап қалса, бірінің кәсібі мүлде жабылып қалды. Соның салдарынан жұмыссыздық көбейді. Ал Президент кәсіпкерлердің жалпы ішкі сатудағы үлесін 35 пайызға дейін көтеруді көздеп отыр.

Бақыт БЕДЕЛХАН, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары:

ТІЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫН НЫҚТАДЫ



Президент Жолдауын бастан-аяқ тыңдадық. Осы екі жылдың аясындағы қиын кезеңге сараптама жасай отырып, ендігі атқарылатын шаруаларға тоқталды. Халықтың әлеуетін, әлеуметтік жағдайын көтеретіндей дүниелер айтылды. Жігерлендіретін, серпіндіретін жоспар қойылды. Тек мұғалімдердің ғана емес, әлеуметтік, руханият саласындағы барлық қызметкерлердің жалақысын көтеруді айтты. Жаһанданудағы Қазақстанның өз орны туралы сөз етті.

Сын сағаттарда мызғымас бағдарлама аясында жұмыс істеуге бүкіл зиялы қауымды шақырып отырғанының өзі адамның еңсесін көтеріп, ұйықтағанды оятатын үлкен нәрсе. Жолдауды іске асыруға бүкіл халықты жұмылдырып жатқаны өте орынды іс деп ойлаймын. Ауылшаруашылық мәселесіне ерекше серпін, мән берді. Пайдаланылмай жатқан, не пайдасы, не зияны жоқ, кезінде алынып қалған жер иелеріне, шаруашылықпен айналысатын қарапайым халыққа кедергі келтіретін кейбір тұлғалардың өзіне ықпал етіп, жер телімдерінің шаруалардың қажеттілігіне берілуіне себеп болуда. Бұл ретте ауыл шаруашылығымен айналысып жатқан ағайынның еңсесі бір көтеріліп қалды деген ойдамын. Себебі, бұл өте күрделі мәселе болып келе жатыр еді. Енді соның күрмеуі шешілсе, құба-құп.

Осы Жолдауда қордаланып қалған мәселелер жүйесін тапқан сияқты. Әрине, айтқанға – оңай, естігенге – жеңіл. Бірақ ол атқарылу мәселесінде, іске көшкен тұста бір игі шаруа болса екен деп тілеймін. Президентіміздің «Ата Заңымызда мемлекеттік тіл біреу ғана, ол – қазақ тілі» деуі тілімізді, туымызды бір нықтағандай болды. Ол да бір іске асуы керек мәселелердің бірі еді.

Альберт РАУ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы:

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ ҚИЫНДЫҚТЫ ЕҢСЕРІП КЕЛЕДІ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында өте маңызды мәселелер қамтылды. Соның ішінде мен Мемлекет басшысының Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің жұмысына қатысты айтқандарына тоқталғым келіп отыр. Ең алдымен, Президент Қазақстан экономикасының пандемия дағдарысына байланысты ауыр кезеңдерді еңсергеніне ерекше мән берді. Бәріміз білеміз, былтыр індеттің салдарынан ел экономикасы біраз тұралап қалды. Был енді-енді ес жиып келеміз. Былтырғы экономикалық жалпы пайда 3,5 пайыздан аспаған, биылғы көрсеткіш 4,5 пайызға жетіп қалды. Құрылыс, тау-кен, өндіріс салаларының биылғы көрсеткіштері жаман емес. Мұның бәрі дағдарыс кезіндегі мемлекеттің дұрыс шешімдері мен қолдауының арқасы.

Екіншіден, антикризистік шаралар, яғни шағын және орта бизнеске деген жанашырлық өз нәтижесін берді. Сондай-ақ, Президент «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдегенін нақты мысалдармен айтты. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылған, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге болды. Бұл дегеніміз, бізде осы бағдарламаға басқа альтернатива жоқ екенін білдіреді.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, Мемлекет басшысы жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшу қажеттігіне баса назар аударды. Су тапшылығын алдын алуға қатысты бірқатар тапсырмалар берілді. Қазіргі таңда біздің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің су тапшылығын жоюға қатысты бағдарламасы бар, әлі де қосымша шаралар қарастыруды жоспарлап отырмыз. Ал өңірлерді дамытуға қатысты айтар болсам, халықты ауызсумен, жолмен, цифрлық технологиялармен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жалғасын табады деп ойлаймын. Президент барлық саланың басшыларына нақты тапсырмалар берді. Енді тек айтылған мәселелерді іске асыру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым халықтың әл-ауқатының жақсаруына мән беріп келеді. Мемлекет басшысының ең төменгі жалақы көлемін арттыруының өзі халықты ынталандыра түсті деуге болады.

Құсман ШАЛАБАЕВ, қоғам қайраткері, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ЕЛДІҢ, ЖЕРДІҢ АМАНДЫҒЫ КЕРЕК



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кешегі Жолдауында өмірдің, қоғамның барлық саласын түгел қамтыды. Жан-жақты саралап, олардың шешу жолдарын көрсетіп берді.

Жасыратыны жоқ, бүкіл жаһанды уысында ұстап тұрған коронавирус індеті бізді өмір сүру дағдымыздан біраз жаңылдырып, көп салаға көлеңкесін түсіргені рас. Еңсезімді енді тіктеп жатқандаймыз. Дегенмен, әлі де бұрынғы мамыражай, қалыпты күндерімізге еркін орала алмай отырмыз.

«Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін. Сарапшылар басқа індеттер пайда болатындығын айтуда. Біз оның қашан болатындығын күтіп қарап отыра алмаймыз. Осындай жағдайда өмір сүруге, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек. Қазір бізге керек вакцинаны сатып алу өте маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет. Сонымен бірге, бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындаған жөн», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын ұлттық жүйе құрылуға тиіс деді. «Бұл іс-шара тиісті заң жобасында қарастырылған. Парламенттен осы заң жобасын қазіргі сессияның соңына дейін қабылдауды сұраймын. Медициналық сараптама жасайтын көптеген зертханамыз халықаралық стандартқа сай емес. Денсаулық ұлт жобасы бойынша кемінде 12 зертхананы жоғары технологиялық құралмен жабдықтау қажет. Соның арқасында зертханаларымыз 90 пайызға дейін халықаралық талапқа сай жұмыс істейтін болады», – деді Мемлекет басшысы.

Президент медицина өнімдерін зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құру керектігін де атап өтті. «Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет. Індетпен күрес кезінде дәл сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті. Сондықтан медицина өнімдерін зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек. Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандырған жөн. Инвесторларды тартып, озық технологияны және осы саладағы жаңа зерттеу жұмыстарын игеруді қолға алу керек», – деген Мемлекет басшысы отандық тауар өндірушілермен жасалатын offtake келісім-шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажеттігін де баса айтты. Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажеттігін тілге тиек етті.

Ұлт денсаулығы мықты болса, ел де, жер де аман болады.

Нұрсұлтан БЕКҚАЙЫРОВ, Алматы қалалық «Jas Otan» жастар қанатының төрағасы:

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ИНКЛЮЗИВТІ БОЛУҒА ТИІС



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында менің назарымды аударған – сапалы білім беру мәселесі болды. Яғни біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек екендігін басты назарға алып, олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс екендігін атап өтті. Бұл ретте ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді делінді. Иә, расымен-ақ, қазіргі таңда дарынды жастар мен болашақ мамандар даярлауда, ең алдымен, ұстаздарға жасалынатын жағдайды естіп қуандым. Түрлі біліктілікті арттыратын курстардың бары рас, алайда олардың қарапайым ұстаздар үшін қолжетімділігі қаншалықты? Міне, Президентіміз осы мәселеге шегелеп нүкте қойды. Енді мұндай

курстарды өту үшін ұстаздар өз қалтасынан қаржы шығармайды. Оң шешім.

Одан кейінгі назар аудартқан мәселе ол – NEET санатындағы жастарға қатысты. Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді. Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары. Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек. Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі әскерде берілуі тиіс. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн деп, Президентіміз қоғамда білім беру және жұмысқа тарту процестерінен шет қалған жастарды тарту мәселесін ерекше атап өтті. Жастар саясатында ұзақ жылдар қызмет етуіміңің арқасында, жастар мәселелерін толықтай білемін десем де болады.

Қай санаттағы жастар болмасын, барлығының бірдей қолжетімді білім алуы мен дамуына мүмкіндік жасалуы және оған жол ашылуы тиіс деп есептеймін. Бұл тұрғыда Алматы қалалық «Jas Otan» жастар қанаты жыл басынан бері өз жұмыстарын жүргізіп келеді.



Тамаша көргің келсе – тауға бар!

Туристердің қауіпсіздігі үшін жайлы орындар жасалды



Мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев туристердің таудағы қауіпсіздігі мен жайлы болуын қамтамасыз ететін шаралар кешені туралы айтты.

Ол өзінің Instagram-дағы парақшасында Алматының тау кластерінің туристік әлеуетін дамытуда ең бастысы – туристер мен альпинистердің қауіпсіздігі мен жайлылығы екенін атап айтты.



Жұмыс сапары кезінде Алматы қаласының әкімі модульдік құрылым сияқты үйшіктердің қалай құрастырылып жатқанын тексерді.

«Қызылты сары түсті модульдердің іші жылыту пеші мен апаттық жағдайда қажет жинақпен жабдықталған. Ішінде алғашқы көмек көрсету жинағы, маршрут картасы, мобильді құрылғыны қуаттау стансасы, жылы көрпе мен азық-түлік жиынтығы бар. Шатырда SOS спутниктік сигналын құтқарушылар пультіне жіберетін дабыл түймелері бар радиорелік діңгектер орнатылған», – деп жазды Б.Сағынтаев.

Таудағы қауіпсіздік шаралары шеңберінде Үлкен Алматы мен Тұйық су шатқалдарында бақылау-құтқару пункті ашылады. Онда тікұшақ алаңын ашу да жоспарда бар. «Шымбұлақта» қысқы маусымға дайындық жүргізілуде. Шаңғы трассалары мен қонақүй жаңартылуда. Сондай-ақ, визит-орталық ашылады.

Алматы қаласының әкімі Medeu Park Hotel-ді құру, жаңартылған Qazaq Auyl экотеріні мен альпинистердің сүйікті мекені – Тұйық су шатқалындағы глэмпингті құру жобаларымен танысты. Ал «Медеудің» төменгі бөлігінде арқаны бар саябақ пен денсаулық жолы салынууда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





«Жаңа Алматы»: ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖАҚСАРАДЫ



Әсел
ДАҒЖАН

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев өзінің Instagram парақшасында мегаполис жолдары тұрғындардың қатынасуына ыңғайлы етіп салынып жатқанын айтты.

«Жолды жақсарту бойынша ауқымды жұмыс жалғасуда. Жаңа жол салып, бар жолды жөндеп, ұзартудамыз. Жақында Алатау көшесінің Сәбденов көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі 2 шақырымдық учаскесі ашылды. Төрт жолақты жол Наурызбай ауданының әкімшілік орталығын қаланың ірі магистралімен байланыстырды. Абай даңғылын тесу аяқталған соң, қала орталығымен көлік қатынасы едәуір жақсарды», – деп жазды Б.Сағынтаев.

«Жаңа Алматыны» дамытудың кешенді жоспары аясында Алатау, Түркісіб пен Наурызбай аудандарына қарасты 8 ықшамаудандағы 415 көшеде 108 шақырым жол салынуда. Ол өз кезегінде 153 мыңнан астам тұрғынның мобильділігі мен жетер жеріне жылдам баруға жағдай жасайды. Сондай-ақ, биыл Медеу ауданындағы «Думан» ықшамауданының 59 көшесінде, яғни 30,5 шақырым жолдың күрделі жөндеу жұмысы аяқталады. Ұзындығы 206 шақырымнан асатын 212 көшеде орташа жөндеу жұмысы жүргізілуде. Соның 20-сы магистральды, ұзындығы 43 шақырымға жетеді. Ол Рысқұлов, Сүйінбай, Сейфуллин, Райымбек даңғылы, сондай-ақ Сәтбаев, Күдерин, Жансүгіров, Яссауи, Шалыпин, Момышұлы, Жандосов, Құрманғазы көшелері мен т.б. Жөндеу жұмысының шамамен 20%-ын аяқтау қалды.

Жалпы, 237 шақырым жолда орташа және күрделі жөндеу жүргізіледі. 71 шақырым инженерлік желілер салынғаннан кейін қалпына келтіріледі. Ал 70 шақырым жол бірінші рет төселмекші.

Сонымен қатар, Алматыда Vision Zero тұжырымдамасы аясында трапеция тәрізді жасанды кедергілер, мүйістер мен қауіпсіз аймақтар орнатылуда. Осылайша жаяу жүргіншілердің қатысуымен болатын жазатайым оқиғалар мен жол-көлік оқиғаларындағы олардың жарақаттану деңгейі Мөңке би көшесінде, Момышұлы көшесінде (Шалыпин көшесінен Райымбек даңғылына дейін), Шәріпов көшесінде (Тоголь көшесінен Бөгенбай батыр көшесіне дейін) және Күдерин көшесі (Рысқұлов даңғылының қиылысынан Райымбек даңғылына дейін), сондай-ақ, Құрманғазы көшесінде (Пушкин көшесінен Достық даңғылына дейін), Яссауи (Райымбек даңғылынан Төле би көшесіне дейін), Есенберлин (Орманов көшесінен Тәттібеков көшесіне дейін), Яблочная (ШААЖ-дан Бутаковская көшесіне дейін) және Райымбек даңғылы (Тілендиев көшесінен Өтеген батыр көшесіне дейін) жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылыстарды көшелерге орнату жоспарлануда.

Жол қозғалысын басқару процестерін автоматтандыру жалғасуда. Бүгінгі күні ҚБАЖ (қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесі) модернизациясының бірінші кезеңі аяқталды, онда 93 бағдаршам объектісі жүйеге қосылған. Басқару орталық басқару орталығының үй-жайынан жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта пайдалануға беру жұмыстары жүргізілуде. Екінші кезең 357 бағдаршамды ҚБАЖ-ға қосуды көздейді, ол 2022 жылға жоспарланған.

Жаяу жүргіншілердің, әсіресе, балалардың қауіпсіздігін жақсарту мақсатында 40 бағдаршам объектісінің, 70 реттелетін жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы және 70 реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелін қосымша жарықтандырумен жабдықтау басталды. Соның ішінде мектептер жанында 5 бағдаршам объектісі салынады, реттелетін 24 жаяу жүргіншілер өткелі және 24 реттелмейтін жаяу жүргіншілер өтуі LED-жарықтандырумен жабдыкталады.





БРИФИНГ

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ
ЖЕҢІЛДЕЙДІНұржамал
ӘЛШЕЕВА

(Басы 1-бетте)

Рас, коронавирус әлі де шегінер емес. Алматыда бір ғана тамыз айында 46 мыңнан астам адамнан вирус анықталған. Дегенмен, 25 тамыздан бастап эпидемияның «төртінші толқынының» бәсеңдеп, жағдайдың тұрақтанғаны байқалған. Бұл туралы кеше қаланың мемлекеттік бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте айтты. КВИ бойынша көрсеткіштердің бұлайша төмендеуі қала тұрғындары арасында иммундық қабаттың 45%-ға дейін қалыптасуымен байланысты деп отыр сала мамандары. Оған қоса, қаладағы карантиндік шектеу шараларының да оң әсері болған.

Спикер бүгінде күніне 3 мыңнан астам адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырып жатқанын атап өтті. Вакцинаның I компонентін тұрғындардың 44%-ы салдырған, яғни 878 мыңнан астам адам. Ал II дозасын халықтың 37,9%-ы алған (756 мың адамнан асып жығылады). Алдымызда халықтың 70%-ына вакцина салу немесе одан да жоғары деңгейге тезірек жеткізу міндеті тұрғанын да тілге тиек етті спикер.

Жалпы, тұрғындар арасында ковидпен ең көп ауыратындар 20–39 жас аралығындағы азаматтар болып отыр, олардың көрсеткіші 35%-ды құрайды. Ал 40–59 жас аралығындағы адамдар – 24%, 60 жастан асқан кісілер – 23%. Сала мамандары адамдардың вирустың көбіне қай жерден жұқтыратынын да сараптап отырады. Мәселен, соңғы аптада сауда орындарында жұқтыру дерегі 33%-ды құраған, ал отбасындағы байланыс – 18%, қоғамдық көліктерден – 17%, базарлардан – 13%.

«Көптеген адам бұл індеттің аса қауіпті



екенін жақындарынан айырылған соң барып қана түсінеді. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға күмәнмен қарайтын, бетперде режимі мен әлеуметтік арақашықтықты елемейтін адамдар әлі де бар. Жастар аурудың гипер тасымалдаушылары болып қала беретінін еске салу қажет», – дейді Ж.Бекшин.

Күз келіп, жаңа оқу жылы да басталды. Студенттер де сабаққа қосылды. Спикердің сөзіне сүйенсек, Алматыда студенттерді вакциналау жалғасуда. Күн сайын 200-ден астам студентке коронавирусқа қарсы екпе салынуда. Ж.Бекшиннің айтуынша, көптеген студент белсенді түрде вакцина алуды оқу жылының алдында-ақ бастаған. Мәселен, маусым айында I компонентін – 4676 студент, шілдеде – 7872, ал тамызда – 4733 жас салдырған.

Жалпы, студенттердің 93,7%-ы

I компонентін, ал 79,4%-ы II дозасын салдырған. «Студенттер вакциналану – бұл өздерін ғана емес, жақындарын қауіпті аурудан қорғаудың қарапайым әрі тиімді әдісі екенін түсінеді», – деді Ж.Бекшин.

Тақырыпқа орай айта кетсек, биылғы I акпаннан I қыркүйекке дейінгі аралықта Алматыда ковидке қарсы екпенің I компонентін – 875 165 адам, ал II компонентін 741 412 адам салдырған. Вакцина алған адамдардың ішіндегі 60 жастан асқан тұрғындар – 110 236. Бүгінгі таңда Алматыда 160 екпе пункті жұмыс істеп тұр.

Айтпақшы, жақын күндері Алматы емханаларында тұмауға қарсы вакциналау басталады. Қазіргі уақытта ресейлік «Гриппол+» вакцинасының 180 мың дозасын сатып алуға өтінім берілген.

СІЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

Ақмарал САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ, мұғалім:



Коронавирустың инфекциямен екі рет ауырдым. Былтыр шілде айында және биыл сәуірдің соңынан мамырдың ортасына дейін бұл аурудың қаншалықты қиын екенін сезіндім. Вакцинаны ертерек ұжыммен бірге алғым келгенмен, қорғануға антиденелердің мөлшері жеткілікті болды. Ал бүгін вакцина алу арқылы өзімді, отбасымды және жақындарымды қорғауға мүмкіндік алдым. Қазір індет өршіп тұр. Ал індетпен күресудің тиімді жолы – вакцина. Өзіңізге және жақындарыңызға жанашырлықпен қараңыз!

Гүлнар ОМАРОВА, қала тұрғыны:



Мен вакцинаның екі бірдей компонентін алдым. Ешқандай әлсіздік байқалған жоқ. Қазір вакцинадан бас тартып жүргендерге тағым бар. Вакцинаның арқасында біз осы күнге дейін ауыр сырқаттардың алдын алдық. Мысалы, шешек, көкжөтел, қызылша, паротит, дифтерия, т.б. Егер біз осы инфекциялармен ауырсақ, олар бізде жеңіл түрде өтеді. Менің ойымша, егер бәріміз 100% вакцина алсақ, карантинге дейінгі алаңсыз күндерімізге ораламыз.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

#ЕКПЕАЛ

Бәріміз үшін
жауаптымыз

Мегаполистегі ең танымал «Арасан» монша кешенінің басшысы Оксана Соловьева қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін азаматтардың жаппай вакцина алғанын дұрыс деп санайды.

Ол өткен жылдың бүкіл елге, кәсіпкерлерге де аса ауыр тигенін еске алады. Өйткені, қатаң карантиндік шектеулерге байланысты өздерінің монша кешенінің есігі ұзақ уақыт бойы тарс жабық болды. Бүкіл команда, соның ішінде кәсіпорын басшысының өзі де, шектеу шеңберінен шығу үшін коронавирус індетіне қарсы тұра алатын препаратты күткені шындық.

Кешен басшысы атап өткендей, қызметкерлер пандемияның бірінші толқыны кезінде, яғни сәуірде-ақ екпе ала бастады.

– Мен өзім сәуірде «Спутник V» салдырдым. Біздің командада 180-нен астам адам жұмыс істейді. Барлығы дерлік екі компонентті де алды, тұрғылықты жерлерінде вакциналанды. Бүгінде монша кешенінің әрбір қызметкері вакциналау тәжірибесі мен «Ashyq» жобасы бойынша «жасыл» мәртебеге ие. Команда мүшелері екпені өз еріктерімен алды. Біз қызмет көрсету саласында, қалың елмен жұмыс істейміз. Сондықтан өзіміз үшін де, өзгелер үшін де жауаптымыз, – деді Оксана Соловьева.

Ол сонымен қатар, «Арасан» монша кешенінің Алматыдағы «Ashyq» жобасының алғашқы қатысушыларының бірі болғанын атап өтті. Ал бүгінде компания қосымша «көшбасшыларының» бірі. О.Соловьеваның айтуынша, моншаға келушілер қазірдің өзінде қосымшаға үйреніп алған, ешкімнің талабынсыз-ақ кіреберісте өз статусын автоматты түрде сканерлейді. Иә, алғашқы күндерде бұл процедураның қажеттілігін түсіндіру қажет болғаны рас. Алғашқы айда «Арасанға» кіреберісте мәртебесі «қауіпті» екі келуші анықталған.

Кешен директорының сөзіне сүйенсек, коронавирустың келесі толқынының шыңы әлі өткен жоқ, сондықтан екпе алу маңызды. Вакцина – індетті ауыздықтаудың жалғыз жолы.

Қалада бас-аяғы 160 екпе пункті жұмыс істеп жатыр. Қызметі тегін. Екпе алудан тартынбайық.

Нұр ЖАМАЛ.

ОНЛАЙН-КЕҢЕС

Коронавирус жүректі әлсіретеді

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматыдағы кардиологиялық орталық соңғы екі айдан бері инфекциялық стационар ретінде жұмыс істеп келеді. Дәл қазіргі уақытта медициналық мекемедегі 260 төсек-орында жүрек-қан тамырлары аурулары мен КВИ-ге шалдыққан науқастар ем алууда.

Кардиологиялық орталықтың дәрігерлері тек өздері қызмет ететін орталықтан басқа да инфекциялық ауруханаларда жатқан ауыр науқастарды емдеуге де жәрдемдесіп, кеңес беріп отырады. Қазірдің өзінде 10 мыңнан астам онлайн-кеңес берілген. Жүрек орталығы директорының айтуынша, коронавирус жүрегі әлсіз адамдар үшін аса қауіпті, өйткені бұл сырқатқа шалдыққан кезде жүрек тіні сезімтал болып кетеді.

«Жүрек-қан тамырлары ауруларымен, қант диабетімен ауыратын немесе семіздікке шалдыққан адамдар коронавирус жұқтырған жағдайда денсаулығы күрт нашарлап кетуі мүмкін. Мұндай науқастар ұзақ емдеуді қажет етеді. Жыл басынан бері біздің кардиологиялық орталықта 1950 адам емделді. Бүгінгі таңда төсек сыйымдылығы 80%-ды құрайды.

Науқастарды емдеуде біз қазіргі заманғы жабдықты қолданамыз, коронарлық ангиографияны жүргіземіз, ЭКМО аппаратын қолданамыз. Барлық дәрігер Нұр-Сұлтандағы



кардиохирургиялық орталықта оқып келді», – деді А.Қодасбаев.

Алматыдағы кардиологиялық орталықта коронарлық ангиографияның көмегімен жүрек тамырлары зерттеледі, ал ЭКМО аппараты дем жетпей жатқан науқастарға оттегін беру үшін қолданылады.

«ЭКМО аппараты газ алмасу функциясын орындайды. Біз бұл құрылғыны алты науқасты құтқару үшін қолдандық. Қазіргі уақытта құрылғыға екі адам қосылған. Бір науқас №2 перзентхананың жансақтау бөлімінде жатыр, біздің дәрігерлер оның жағдайын сол жерде бақылайды», – деді орталық директоры.

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ

Актерлер тыс қалған жоқ

Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қазақ өнерінің киелі қара шаңырағы – Мұхтар Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрының актерлері ұжым болып екпе салғызды.

Бүгінгі күні қаламызда коронавирус індетінің дес бермей тұрғаны баршамызға аян. Бұл ретте COVID-19-ға төтеп беретін

бірден-бір жол вакцина екенін айтқан актерлер театрдың 96-маусымының шымылдығын ашуға дайын екендерін жеткізді. Сондай-ақ, былтыр ұжымдағы кей актерлердің осы бір қатерлі індетке шалдыққанын айтып, сол күндердің қайталанбауын тілейді. Сонымен қатар, театр ұжымы түрлі қауесет әңгімелерге құлақ түрмей, екпе ектіру керекін айтып отыр.

«Бұл індет сахна өнеріне де зиянын тигізді. Біз екі жылға жуық бірде жабылып, бірде ашылып, белгілі бір шектеулермен жұмыс істеп, былайша айтқанда, көрермендерімізбен арақатынасымыз қыл үстінде тұрғандай жағдайды бастан кешірдік. Карантиндік режим жеңілден соң театр ұжымының барлық актері екпе ектірді. 99%-ы екпенің екі компонентін де алды. Қазіргі таңда денсаулығымыз бірқалыпты, ауру-сырқаудан аманбыз, – дейді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.

Жақын арада көрерменге есігін айқара ашатын өнер иелері тың туындыларымен дайын отыр. «Осы жазда ұжымдасқан түрде еңбек демалысына шықтық. Күз мезгілінен бастап өз жұмысымызға кіріскелі жатырмыз. Карантин талаптары жеңілдей бастағандықтан басқа қалаларға гастрольдік сапарға, жаңа спектакльдерге толыққанды дайындық жүргізіп жатырмыз. Біздің өміріміз көрермендерімізбен мәнді. Өздеріңізбен қайта қауышатынымызға қуаныштымыз. Бір-біріміздің, айналымыздың аمانдығы үшін барша отандасымды екпе алуға шақырамын», – дейді Еркін Жуасбек.



Медиафорум қарастыра мәселе көп



Әсел
ДАҒЖАН

15–17 қыркүйек күндері XVII Еуразиялық Медиа форум онлайн өтетін болды. Жиынға қазақстандық және әлемдік жетекші БАҚ өкілдері, халықаралық сарапшылар, саясаткерлер мен ғалымдар, қоғам және мәдениет қайраткерлері қатысады.

Бір жылдық үзілістен соң форум өз көрермендеріне онлайн байланысқа шығуда.

Еуразиялық медиафорум аясында әлемдік саясат пен экономика, БАҚ, экология, білім және футурология сияқты салалардың мәселесі талқыланды. Белгілі халықаралық және қазақстандық сарапшылар пандемияның жаһандық үдерістері мен адами қарым-қатынасқа әсерін, медиа және технология саласындағы үрдістерді, нақтыланбаған ақпараттың көбеюі проблемасын, бүгінгі экологиялық күн тәртібін, сондай-ақ, болашақ әлемнің келбетін талқылайды.

«Соңғы 2 жыл күрделі мәселелерді талқылау және оны шешу жолын іздеуде біріге отырып әрекет ету адамзат үшін маңызды екенін көрсетті. Сонымен қатар, бүгінде трендтер тез жаңарып, жаңа ғана оқыған ақпарат өз өзектілігін жоюда. Алдағы форум пандемия кезінде әлемдік қауымдастық үшін маңызы артқан мәселелерді көтеріп, қайсысына ерекше назар аудару керектігін анықтауға және әрі қарай не істеу керектігін түсінуге арналған. Біз өмірдің әртүрлі салаларына қатысты, бірақ әрқайсымыздың өмірімізге әсер ететін тақырыптарды бір алаңға топтастырдық. Форумды өткізуге қолдау көрсеткен серіктестерімізге алғысымызды білдіреміз», – деді ЕАМФ бас директоры Алмагүл Ахметжанова.

Медиафорум үш күн қатарынан онлайн өтеді. Eame-dia.org сайтында қатысушыларды тіркеу жүріп жатыр. Сол жерден спикерлер мен сессиялар және хабар тарату туралы ақпарат алуға болады.

ӘЛЕУМЕТ

Азаматтық алуға асығыңыз

Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының көші-қон жүйелері бөлімінің қызметкерлері ҚР ІІМ Алматы қаласы Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп, оралман мәртебесінің мерзімін өткізіп алғандығына қарамастан, этникалық қазақтарға жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын беру жөнінде жұмыстар жүргізуде.

Осындай іс-шараны қабылдау этникалық қазақтар арасында әлеуметтік шиеленісті шешіп қана қоймай, олардың Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының жақсаруына әсер етуіне ықпалын тигізеді.

Өз уақытында Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен ала алмаған қандастардан басқарманың көші-қон жүйелері бөліміне хабарласуларыңызды сұраймыз.

Басқарманың мекенжайы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85-үй, 3-қабат, 308-кабинет, анықтама телефоны: 8 (727) 338-30-46.

Қандас куәлігінің мерзімін ұзарту жөнінде шешім алғаннан кейін Қазақстан азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен (3 айдың ішінде) алу үшін ҚР ІІМ Алматы қаласы Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасына осы шешіммен бірге қажетті құжаттарды азаматтық алуға тапсыру қажет.

Осы мүмкіндікті жіберіп алмаңыздар, ағайын!

Нұр ЖАМАЛ.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Лұқпан ОРАЗБЕКОВ,
Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты
Балалар бөлімінің меңгерушісі, медицина ғылымының кандидаты:

МЕКТЕПТЕРДЕ КӨЗ ДӘРІГЕРЛЕРІ КАБИНЕТІН АШУ КЕРЕК



– Лұқпан Нұрланұлы, қазір – компьютерлік ғасыр. Бүгінгі заманды компьютерсіз елестету мүмкін емес. Үйде, мектепте, қызмет орнында адамдар компьютермен жұмыс істейді. Көз ауруының көбеюіне осының әсері болуы мүмкін бе? Деректерге сүйенсек, тіпті жас балалардың арасында да көз аурулары жиі кездеседі екен. Мұның себебі неде?

– Қазір біздің өмірімізге смартфондар енді. Қай жерде жүрсеңіз де, балалардың қолында смартфондар жүргенін байқайсыз. Оның ересек адамға тигізер зияны көп, балаларға да солай. Оның үстіне, мектеп оқушылары екі жылдан бері онлайн түрде оқыды. Бұл да балалар арасындағы көз ауруларының көбеюіне ықпал етіп отыр. Әзірге біз оның анализін жүргізген жоқпыз. Өйткені, пандемия әлі біткен жоқ. Аты жаман індеттен құтылғаннан кейін оның нәтижелері белгілі бола бастайды. Көзі нашар көретін балалардың саны әжептеуір өседі деген болжам бар.

– Жалпы, офтальмология саласында мамандар жеткілікті ме? Оның ішінде балалар офтальмологтары қаншалықты қамтылған?

– Дұрыс айтасыз, Қазақстанның көп өңірлерінде мамандар жетіспейді. Офтальмология саласы қат мамандықтардың қатарына жатады. Әсіресе, балалар офтальмологтары өте аз. Өйткені, балалардың өзінің ерекшеліктері бар. Әр адам баламен жұмыс істей алмайды. Олардың тілін таба білу керек. Баламен байланыс қиындау. Бірақ өзіме қатысты айтатын болсам, мен ересектерден гөрі балалармен жұмыс істегенді ұнатамын. Балаларды жанымдай жақсы көремін. Себебі, балалар сондай позитивті, өмірге сеніммен қарайды. «Бала тілі – бал» демекші, олармен сөйлескенде жағымды энергия аласың. Өрине, бұл салада мамандар жетіспеушілігі мәселесі бар.

– Жастарды бұл салаға көптеп тарту үшін не істеу керек? Мемлекет тарапынан қандай да бір шаралар жүргізу қажет пе?

– Жастарды бұл салаға тарту үшін ынталандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Дәрігерлердің көбі үлкендермен жұмыс істегенді қалайды. Ал балалар көз дәрігерлерін көбейту үшін мемлекеттік деңгейде көмек беру қажет. Егер бұл саладағы мамандардың айлық-жалақысын көтеріп, ынталандыру үшін бірқатар жеңілдіктер қарастыратын болсақ, онда жастар да офтальмологияны тандайтын еді. Сонымен қатар, бұл жерде адамның өзіне де байланысты. Кейбір әріптестеріміз балалармен жұмыс істей алмаймын деп жатады. Тіл табысу, түсінісу қиын дегенді алға тартады. Бірақ жас мамандарды ынталандыратын болсақ, балалар көз дәрігерлерін де жеткілікті деңгейде

қамтуға болады. Осы арқылы балалар көз ауруы саласындағы көптеген проблемаларды шешуге мүмкіндік болады. Мысалы, балаларға скрининг жүргізу мәселесі шешілетін еді. Яғни балалардың көз ауруын дер кезінде анықтап, ем-шара жүргізетін болсақ, олардың ауруы асқынбайды.

– Республика мектептерінде көз дәрігерлері кабинетін ашу керек дегенге қалай қарайсыз?

– Өте маңызды мәселені көтеріп отырсыз. Шынында да, мектептерде көз дәрігерлері кабинетін ашу керек. Бізде мынадай зерттеулер жүргізілді. Бірінші сыныпқа баратын жеті жастағы балалардың көзін тексердік. Со-сын дәл сол балаларға 11-сыныпта, мектеп бітірерде тағы да бақылау жүргіздік. Сонда олардың 40 пайызында көз көруінің төмендеуі анықталды. Бұл аз сан емес. Әсіресе, Азия елдерінде жақыннан көретін, алыстан нашар көретіндер адамдардың саны көбейіп жатыр.

– Еліміздің дәрігерлері дәрменсіздік танытатын кейбір ауру түрлері бойынша науқастарды шет елдерге емдеуге жібереміз. Көз ауруларына байланысты осындай мәселе бар ма?

– Өкінішке қарай, офтальмология саласында мұндай мәселе бар. Мәселен, ретинобластома – бұл көздің онкологиялық ауруы. Көбінесе ол жас балаларда дамиды. Ретинобластома көздің тор қабығында пайда болатын ісік. Тор қабық – көздің артындағы жүйке тінінің жұқа қабаты. Сетчатка жасушалары жарық пен түстерді таниды. Ретинобластома бір көзге немесе екі көзге әсер етуі мүмкін. Егер науқас бастапқы сатысында келсе, онда көмек беруге болады. Ал асқынып кететін болса, онда көзді алып тастау қажет. Яғни мүшені жоғалтумен аяқталады. Оны сақтап қалу үшін арнайы ем жүргізу қажет. Елімізде ол емді жүргізуге мүмкіндік болмай тұр. Сондай-ақ, жасанды тор қабық дейміз, пигментті ретинопатия – көздің ішкі қабығының зақымдануы. Пигментті ретинопатияның негізгі себебі – зат алмасу бұзылуына әкелетін генетикалық ауру. Бұл операция да Қазақстанда жасалынбайды. Өйткені, Қазақстанда ондай аппараттар, қондырғылар, жасанды тор қабыққа қызмет көрсететін инженерлер жоқ. Яғни мемлекеттің дамуы жоғары деңгейде болуы керек. Оны біз инженерлермен ғана жасай аламыз. Оның үстіне, оның бағасы да өте жоғары болады. Оның бір операциясы 120 мың доллар шамасында тұрады.

– Қазір медицина саласы қарыштап даму үстінде. Шет елдер неше түрлі озық технологиялар алып жатырмыз. Тіпті, ағза алмастыру мәселесі де жолға қойылып келе жатыр. Осы ретте елімізде көз трансплантациясы қандай сатыда? Қазақ көз аурулары ғылыми-

зерттеу институты мамандары көз трансплантациясын жасай ала ма?

– Бұл сұрақ бізге жиі қойылады. Әсіресе, жарақат алған немесе ауруы асқынып кеткен науқастар осы жөнінде көп сұрайды. Тіпті, кейбір ата-аналар өз көздерін балаларына ұсынғысы келеді. «Менің көзімді балама салуға бола ма?» деп жатады. Көз кішкентай болғанымен, оның құрылысы өте күрделі. Оның ішіндегі тор қабық деген зат мидың бір бөлігі болып саналады. Яғни ми дамығанда соның ішінде тор қабық пайда болады. Демек, ол мидың бір бөлігі. Ал миды ауыстыру мүмкін емес. Сондықтан тор қабық та ауыстырылмайды. Өкінішке орай, дүние жүзінің медицинасы көз алмастыру операциясын жасамайды. Дегенмен, көздің кейбір бөліктерін ауыстыруға болады. Мысалы, қасаң қабық дейміз. Көздің сыртқы қапсуласының мөлдір дөңес линзасы. Оған кератопластика операциясы жасалады. Кератопластика (көздің қасаң қабығын трансплантациялау операциясы) – жоғары дәлдіктегі медициналық қондырғылардың көмегімен жасалатын хирургиялық операция. Мұндай трансплантацияны жасауға болады.

– Осы сұхбат барысында қойылмай қалған сұрақтар, көкейде қалып қойған ойларыңыз болса, ортаға салсаңыз...

– Негізгі айтқым келгені, біздегі бір мәселе, шекараға жақын науқастардың көпшілігі шет елге барып емделеді. Мәселен, солтүстікте тұратындар Ресейге кетеді, оңтүстіктегілер Өзбекстанға барып жатады. Енді оның әртүрлі себептері бар. Мүмкін біздің сол аймақтағы дәрігерлеріміздің деңгейі төмендеу шығар. Операция жасайтын жаңа қондырғылар болмауы мүмкін. Бірақ екіншіше қарай, шет елге барған науқастардың біразы бізге түрлі асқынулармен келіп жатады. Осындай науқастарға реабилитация жасауға тырысамыз. Кейде көмектесе алмайтын жағдайлар да кездеседі. Менің ойымша, шет елдегі дәрігерлердің жауапкершілігі Қазақстан дәрігерлеріне қарағанда төмендеу секілді. Сондықтан біз өңірлердегі мамандардың деңгейін, білімін жетілдіруіміз қажет. Сонда жаңа операциялардың түрлерін енгізгеніміз дұрыс. Бұл ретте біз мүмкіндігімізше оларға көмектесіп жатырмыз. Мысалы, мен Оралда витреоретинальды хирургияны бастадық. Павлодарға, т.б. өңірлерге барып, жергілікті мамандарға, әріптестерімізге көзге жасалатын отаның жаңа түрлерін үйреттік. Бұл ретте біз әріптестерімізге әрқашан үйретуден жалықпаймыз. Ашықпыз. Қолымыздан келгенше көмек беруге әзірміз. Егер өңірлердегі әріптестерімізден қызығушылық болса, үйренгісі келсе, біз бүкіл жұмысымызды тастап, сол жаққа барамыз. Қазір Нұр-Сұлтан, Шымкент филиалымызда осындай операциялар жүргізіледі. Енді Ақтау, Атырау қалып отыр. Мына жакта Қызылорда, Тараз қаласында әлі мұндай қызмет түрі жоқ. Жасыратыны жоқ, бұл операцияларды жасау үшін көп қаражат керек. Арнайы аппарат, жаңа қондырғыларды сатып алып, мамандарды үйретуіміз тиіс. Жергілікті ауруханалардың бас дәрігерлері осы жұмысты жүйелі ұйымдастыратын болса, біз онда барып, операция түрін үйретуге дайынбыз. Бұл ретте қазір оң тенденция, ілгері басу бар. Ары қарай бұл сала дамиды деп сенемін. Біз бұған бар күшімізді салатын боламыз.

– Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Серік ЖҰМАБАЕВ.

СПОРТ



Велоспортшы зейнеткер

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласының тұрғыны, 76 жастағы зейнеткер Түгелбек Қасымов велосипедпен әлемнің 40 елінде болып қайтқан.

– Мен ШҚО, Тарбағатай ауданы, Жамбыл ауылының тумасымын. Туған өлкемде 45 жыл ұстаз болып, балаларға математиканы үйреттім. Соңғы 10 жыл Алматы қаласында тұрып жатырмын. Велосипед тебу басты әуесім, велосипедпен әлемнің 40 елінде болдым. Велошеруді алдымен өз Отанымыздан бастадым, Қазақстанның барлық өңірінде болдым. Содан соң Ресейге аттандым, көрші елдің де біраз аймағында болып қайттым. Елордадан Мәскеуге велосипедпен 14 күнде жеттім. Одан әрі Беларусь, Польша арқылы 12 күннің ішінде Берлинге бардым. Одан бөлек, тағы Мәскеуге барып, одан әрі Украина, Молдовия, Румыния, Болгария арқылы Грекия астанасы Афинаға жеттім, – деді Түгелбек Қасымов.

Сондай-ақ, зейнеткер жерлесіміз велосипармен Парижде де болған. Және ол велошеруге жалғыз шығады.

– Денсаулық жсарап тұрған сәтте велосипедпен ел аралауды одан әрі жалғастырмақпын. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай бір топ адам Нұр-Сұлтан қаласынан Қостанайға велосипедпен аттанып барамыз. Алда Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы тұр. Бұйырса, Алматыдан Таразға велосипедпен бару жоспары тұр. Одан бөлек, індеттің жағдайы реттелсе, 2022 жылы Алматыдан Қытай қаласы Шанхайға дейін велошеру ұйымдастыруды көздеп отырмын. Сапарда 6,5 мың шақырым жүру керек, – дейді ол.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жастарға мүмкіндік мол

Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Шаһарда «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жастарды жұмыспен қамту іс-шаралары белсенді жүргізілуде.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде еңбек тәжірибесі жоқ жастарды қолдау мақсатында «Алғашқы жұмыс орны» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Қазірдің өзінде 100-ден аса мекеме жастарға тұрақты жұмыс беруге дайын. Игі бастама тәжірибесіз жастарды жұмыспен қамтуды көздейді. Себебі, еңбек өтілінсіз екі қолға бір күрек табу оңай шаруа емес екендігі баршамызға аян. Бағдарламаға қатысушылардың бірі – Альбина Сағымбекова.

Жобаға өз өтінішін калдырған. «Резюмеңді тастап, осы жұмысқа кірдім. Оператормын. Жұмыс жақсы, ұнайды өзімізге. Келген көліктердің нөмірлерін жазып, сигнализацияға запись жазып отырамын», – деді қала тұрғыны. Айта кетерлігі, жобаға 29 жасқа дейінгі тәжірибесі жоқ жұмыссыз

жастар қатыса алады. Көпбалалы немесе аз қамтылған отбасы мүшелеріне, еңбекке қабілетті мүгедектерге басымдық беріледі. «Жұмыс беруші келісімшарт негізінде «Еңбек» бағдарламасы қатуысушысына тұрақты жұмыс береді. Жастар онда кем дегенде, 24 ай жұмыс істеуі тиіс. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыстың алашқы 12 айының еңбекақысын төлейді. Ол 20 айлық есептік көрсеткіш», – деді Қалалық жұмыспен қамту орталығы бөлім жетекшісінің міндетін атқарушы Дәмелі Жолдасова. Үміткерлер Достық, 85 мекенжайы бойынша Жұмыспен қамту орталығына жеке куәлігі мен білімі туралы құжат көшірмесін тапсырып, өтінім бере алады. Айта кетейін, онда жұмыссыздарды қолдауға арналған бірнеше мемлекеттік бағдарлама іске асуда.

Қазіргі таңда қала бойынша 106 мекеме Халықты жұмыспен қамту орталығымен келісім-шарт жасаған. Бос орындар бойынша, әсіресе, техникалық және кәсіптік мамандық иелеріне сұраныс жоғары.

СУБСИДИЯ

Мүгедек жанды жұмысқа алу тетіктері

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 16 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру мақсатында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидалары бекітілген (2017 жылғы 28 тамыз, №280). Онда қаржыландыру лимитіне қарай субсидиялау тәртібі мен шарттары айқындалған.

Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілерден мүгедек азаматтарды, атап айтқанда, көру, есту қабілеті төмен, тірек-қимыл аппараты бұзылған жандарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға өтінімдер қабылдайды.

Субсидиялар жұмыс берушілерге арнайы жұмыс орындарын жарактандыру үшін жабдықтарды сатып алуға, монтаждауға және орнатуға жұмсалған шығындарды өтеу мақсатында беріледі. Арнайы жұмыс орны мүгедектерді жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын сақтау үшін ол құрылған кезден бастап кемінде күнтізбелік 12 ай мерзімге құрылады.

Жұмыс берушілерге субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде беріледі:

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

«TenQogam» қолдауға дайын

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Биыл Алматы қаласындағы халықтың осал топтарын әлеуметтік қолдауға 30 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінген. Оның 14 млрд.-ы жұмсалды. Бұл туралы Алматы қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясы барысында айтты.

Ведомство басшысының айтуынша, жыл басынан бері 132 мың алматылық әлеуметтік қолдауға ие болған. Ол көмек «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында аз қамтылған азаматтарға, мүгедектер жандарды қолдау тұрғысында көрсетілуде. Басқарма басшысы «Еңбек» аясында жыл соңына дейін 13,8 млрд. теңге бөлінгенін, бұл қаражат-көмектің шапағатын 24 мыңнан астам адамның көретінін атап өтті.

Алматыда биылғы 7 айда 55 мың



– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №519 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13913 болып тіркелген) бекітілген, 1) құрылатын арнайы жұмыс орындарының мүгедектің жұмыс орнының стандарттарына сәйкестігі;

– мүгедектерді жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын тұрақты жұмыс орны құрылған кезден бастап кемінде күнтізбелік 12 ай мерзімге сақтау;

– жұмыс берушіде жалақы төлеу бойынша берешектің болмауы;

– есептелген салықтар, алымдар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы;

– жұмыс берушінің құрылған арнайы жұмыс орындарында атқаратын лауазымына сәйкес мөлшерде жалақы төлеуін қамтамасыз етуі тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы жұмыс орындарын құруға да-йын жұмыс берушілер субсидиялауға өтінімді Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының жұмыс берушілерді қолдау бөліміне беруіне болады.

Нұр ЖАМАЛ.

тер порталы енгізілді, онда мүгедектер республика бойынша жеткізушілерден қажетті тауарлар мен қызметтер түрін өз бетінше таңдай алады. Мүгедектердің тілектеріне сәйкес қымбат тұратын тауарларды таңдағанда қосымша төлем жасау функциясы бар техникалық құралдардың белгіленген құнын өтеу механизмі қарастырылған. Жыл басынан бері 16 800 мүгедекке оңалту, қозғалыс құралдары, тифло-сурдо техникалық құралдар мен гигиеналық құралдар берілді», – деді Н.Тоғызбаева.

Қозғалуы қиын мүгедектер мен мүгедек балаларға «Инватакси» көлігінің ақысыз қызметі ұсынылады. Бұл қызметті ай сайын 1500 мүгедек пен 357 мүмкіндігі шектеулі бала пайдаланады. Алматыда «Оңай» жүйесі орнатылған 39 «Инватакси» автокөлігі бар.

Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау үшін құрылған «TenQogam» әлеуметтік қолдау орталығы туралы да айтты. Орталық мамандары құқықтық, психологиялық қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, әлеуметтік, педагогикалық және тәрбиелік мәселелерді шешуге көмектеседі, тренингтер мен вебинарлар өткізеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы			
БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ			
	Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясына: – сантехник-маман; – инженер-сантехник; – күзетші; – тазалықшылар; – кастелянша керек. Тел.: 350-78-88. Құрманғазы көшесі, 107-үй.	– түрлі жұмыстарға жұмысшылар; – дәнекерлеушілер; – тігіншілер керек. Тел.: 8 701 749 03 23. Спасский көшесі, 90-үй.	– сантехник; – аула сыпырушы-тұрақшы керек. Тел.: 8 701 712 53 34. Амангелді көшесі, 59 А.
«ALSER» супермаркетіне: – сатушылар; – кассирлер; – қаптаушы; – жүк тиеушілер; – тазалықшылар; – әкімші; – супервайзер керек. Тел.: 8 771 506 85 36, 8 777 221 91 22. Розыбакиев көшесі, 4-үй (Райымбек даңғылының қиылысы).	«Рапсодия» тұрғын үй кешеніне: – аула сыпырушы қажет. Тел.: 8 777 261 40 75. Қажымұқан көшесі, 37-үй.	«Тарлан Секьюрити» ЖШС-ға: – күзетшілер қажет. Тел.: 311-14-05, 237-89-01. «Мирас» шағынауданы, 188-үй.	«Galmart» супермаркетіне: – сатушылар; – кассирлер; – аспаздар; – жүк тиеушілер қажет. Тел.: 8 701 091 03 07, 8 775 978 84 20. Сейфуллин көшесі, 617-үй.
«MAXI шай» компаниясына: – автокар жүргізушісі; – қоймашы; – ыдыс жуушы; – жүк тиеушілер қажет. Тел.: 8 701 399 93 64.	«Almaty-Resort» шипажайына: – медбике; – фельдшер-зертханашы; – күтқарушы; – горничныйлар; – тазалықшылар; – аспаздар; – даяшылар; – ағаш ұстасы керек. Тел.: 8 701 794 90 56. Аскаров көшесі, 2-үй.	«LE Porte» компаниясына: – түрлі жұмыстарға жұмысшылар; – станок операторының көмекшісі қажет. Тел.: 8 701 924 31 93.	«Анган Интертайм» ЖШС-ға: – аспаздар; – тазалықшылар керек. Тел.: 8 700 333 69 86. Байтұрсынов көшесі, 141-үй.
Жиһаз компаниясына: – жұмсақ жиһаз өндірісіне қызметкерлер;	«Окнан Real Estate» ЖШС-ға: – тазалықшылар;	«Тәртін» ЖШС-ға: – жүк тиеушілер; – «КамАЗ»-ға жүргізушілер керек. Тел.: 8 701 397 12 48. Мәкатаев көшесі, 117-үй.	«Қорғау плюс» ЖШС-ға: – күзетшілер керек. Тел.: 8 771 300 47 20. Бегенбай батыр көшесі, 256 А.
		«Комета» ЖШС-ға: – заңгер; – құю желісіне оператор керек. Тел.: 385-99-92. Наманганский көшесі, 43-үй, ВАЗ ауданы.	«Велес» ЖШС-ға: – еден жуушылар-кіреберістерді тазалаушылар керек. Тел.: 8 707 104 55 06. Қожамқұлов көшесі, 22-үй.
		«Юлчиев» ЖШС-ға: – аспаздар; – тазалықшылар;	СӘТТІЛІК СЕРІГҢІЗ БОЛСЫН!



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Біз газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 3 айға 1801,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 3 айға – 4861,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ

«Поколение» тұлғасы

Белгілі қоғам қайраткері Ирина Савостина 87 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Ирина Савостина – 60 жыл бойы азаматтық белсенді ретінде елге еңбегі сіңген адам.

Соғыстан кейінгі жылдардан бастап зейнетке шыққанға дейін Ирина Савостина жасөспірімдермен және жастармен бірлесіп жұмыс істеді, ал 1990 жылдары зейнеткерлерге көмектесу үшін «Поколение» қозғалысын құрды.

Мәскеудің тумасы Ирина өмірінің көп бөлігін Алматыда өткізді. Қазақстанның сол кездегі астанасына оның әкесі Алексей ГУЛАГ-тың қызметкері ретінде көшіп келген. Ирина Алексеевна әрдайым әкесін ерекше мейіріммен еске алып, оның өте адал адам болғанын және балаларын да адалдыққа тәрбиелегенін айтып отыратын. Қайраткердің отбасында 12 адам болды.

Ата-анасы үй қарасын көрмей жұмыс істеген кездерде үйдегі тірліктің бәрін үйдің тұңғышы, қаршадай Ирина атқаратын. Сол кездерден бастап-ақ Ирина Алексеевнаның бойында ұйымдастырушылық қабілет байқалды, ол өзінің бауырлары мен сіңлілерін темірдей тәртіпке үйретті.

Үй шаруасын тындырғаннан кейін ол бауырларын өздері тұратын жерге жақын маңдағы Баум тоғайына серуендеуге апаратын. «Бұл жер қауіптілеу болатын, небір бұзықтар да жүретін. Бірақ біз қорықпайтын-быз, серуендеп, суға түсіп, күнге қыздырынып, орманды аралайтын-быз», – деп балалық шағын еске алған еді Ирина Алексеевна «Вечерний Almaty» газетіне алдыңғы жылдың жазында берген сұхбатында.

Жұмысшы жастар мектебін бітіргеннен Ирина Савостина құжаттарын педагогикалық институтқа тапсырып, «орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі» деген мамандық алып шықты. Ол оқи жүріп жұмыс та істеді. Жастайынан ауыр еңбекке үйренген жас қыз кез келген жұмысты дөңгелетіп әкететін, қандай ортада болса да, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсетін. Ол тіпті аула сыпырушы болып жұмыс істеп жүріп айналадағы балаларды, тәртібі нашар жасөспірімдерді еңбекке баулыды.

«Жасөспірімдердің ата-аналары күні-түні жұмыс істеп жүргенде олар аулада қараусыз жүреді, сабаққа да бармайды, бұзықтық жасайды. Жас балалар уақытын құр өткізбесін деп мен олардың сабағына көмектесетінімін, табиғатқа, тауға серуендеуге апаратынымын. Не үшін? Сондағы ойым, олар менің жұмысыма кедергі келтірмесін, тәртіп бұзбасын, ауланы ластамасын дегенім», – деп еске алатын Ирина Алексеевна.

Институтты тәмамдағаннан кейін, 1960 жылдардан бастап Ирина Савостина ботаникалық бактың жанында орналасқан №10 мектепте сабақ берді, өзі мектептің жанында тұрды. Мұғалімнің табандылығы мен күш-жігерінің арқасында тұрғын үй-пайдалану кеңсесінде аула клубы ашылды.

«Маған үнемі аналар ұл-қыздарымызды музыкалық мектепке орналастыра алмаймыз, тек танысы барлар ғана орналастырады» деп шағымданатын. Ал мен оларға: «Балаларымызды өзіміз-ақ музыкалық аспаптарда ойнауға үйретеміз, скрипка, баян, пианино сатып аламыз. Ең үздік деген мұғалімдерді жалдаймыз» дедім де, іске кірісіп кеттік», – дейді Ирина Алексеевна.

Уақыт өте келе Савостина басқаратын аула клубы елдегі осындай басқа мекемелерге үлгі болды.

1989 жылға қарай клуб тәрбиеленушілері ержетті. Бұрынғы тәртіптері нашар, қиын жасөспірімдер бір-бір мамандық иесі атанып, отбасын құрды. Ал Ирина Савостина зейнетке шыққаннан кейін де оның белсенділігі бәсеңдеген емес, қайта өмірінің қайнаған жаңа кезеңі басталды.

«Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін ақша құнсызданып, зейнеткерлер біраз қиналған еді, көбі көмекке мұқтаж болды. Тоқсаныншы жылдары зейнеткерлердің кейбіреуінің зейнетақысы тіпті күнделікті нан мен



пәтерақыға жетпейтін. Осы қиындықтан өту үшін әрекет жасау керек болды», – дейді қоғам қайраткері.

Сол кезде өзі де зейнеткерлікке шыққан педагогке зейнеткерлерге көмек беретін қоғамдық қозғалыс құру идеясы келеді. «Біз басымызға түскен қиын жағдайды айтып жылап-еніреп отыра бермейік. Өз мәселемізді өзіміз шешуіміз керек» деген шешім қабылдадым. Осылайша біздің «Поколение» деген қозғалысымыз пайда болды.

«Поколение» қозғалысына қазіргі Қарасай батыр мен Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы сол кездегі демократия үйінен үй-жай бөлінді. Онда белсенділер келушілерді қабылдады, заңгерлердің кеңестерін ұйымдастырды, баспасөз конференцияларын өткізді. «Егер қандай да бір үй басқарушысы телефонды алмаса, біз оған өзіміз барып, мәселені шешетінбіз, біз оған пәтер ақысын көрсетіп, мұндай қисынсыз сандардың қайдан шыққанын анықтайтынбыз», – деп түсіндірді Ирина Алексеевна.

«Поколение» қозғалысы көптеген адамдардың әлеуметтік мәселелерін шешуге қолұшын берді. Көбінесе бұл жалғызбасты зейнеткерлер еді, оларға осы қозғалыстан басқа ешкім көмектесе алмады.

1994 жылдан 1998 жылға дейін Ирина Савостина Мәслихат депутаты болды, ол зейнеткерлердің мәселелерін шешуге көмектесті.

Ирина Савостина 2018 жылға дейін қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Өзі қатты сырқаттанып жүрсе де, ол ешкімге телефон арқылы кеңес беруден бас тартқан емес.

Ирина Савостина «Еңбек ардагері» медаліне ие болды, оған «Қазақстан ХХІ ғасыр» халықаралық сыйлығы берілді.

Айнұр СЕНБАЕВА.
Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

2021 жылғы 17 қыркүйекте, сағат 12.00-де Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-ректор Дархан Біләлов Алматы қаласы жұртшылығы алдында есеп береді.

Кездесу ZOOM платформасында онлайн форматта өтеді және университеттің YouTube каналында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда көрсетіледі.

Ұсыныс-пікірлеріңізді rector_blog@abaiuniversity.edu.kz электронды поштасына жіберулеріңізді сұраймыз.

Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 25.08.2021 жылғы ұйғарымы бойынша «Фрахт Сервис» ЖШС БСН 020840000160 қатысты оңалту ісі қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Ходжанов к., 78-үй, 1 А, тел.: +7 707 717 82 02.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы «Поколение» зейнеткерлер қозғалысының жетекшісі, «Қазақстан ХХІ ғасыр» халықаралық сыйлығының иегері **Ирина Алексеевна САВОСТИНАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



kazinform
CORONAVIRUS2020.KZ

ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

ВАКЦИНАЦИЯ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

EGOV
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ
ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ

DAMUMED
МОБИЛЬДІ
ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ

ӨЗ ЕМХАНАҒЫЗҒА
ТЕЛЕФОНМЕН ҚОҢЫРАУ
ШАЛУ АРҚЫЛЫ

© «ҚАЗАҚСТАН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2021 ЖЫЛ WWW.INFOFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД © Дия Санатова Ж.

kazinform
CORONAVIRUS2020.KZ

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН ҮШ КҮН ІШІНДЕ:

- ЖАҚСЫ
ТЫНЫҒЫП
ДЕМАЛУ ЖӘНЕ
ҰЙҚЫНЫ
ҚАНДЫРУ
КЕРЕК

- ТЕҢГЕРІМДІ
ТАМАҚТАНУ
КЕРЕК

- АҒЗАНЫ
КҮЙЗЕЛІСКЕ
ҰШЫРАТПАУ
КЕРЕК

© «ҚАЗАҚСТАН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2021 ЖЫЛ WWW.INFOFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД © Дия Санатова Ж.

КИНОКЕҢІСТІК



«Томирис» – Түркияда

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Түркияның Стамбул қаласында отандық «Томирис» фильмінің көрсетілімі өтті.

Тарихи фильмінің бауырлас елдегі алғашқы қойылымына фильм режиссері Ақан Сатаев және басты рөлді сомдаған актриса Альмира Тұрсын арнайы қоңақ болып қатысты.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткен көрсетілімге сондай-ақ, Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы мен Стамбулдағы Бас кон-

сул Әлім Байел, Түркия елінің саясаткерлері, Стамбулдағы қазақ диаспорасының өкілдері қатысты.

Ұлы Дала тарихын бейнелеген отандық үздік туындыны көрермендер ыстық ықыласпен қабыл алды. Кинотуынды 3 қыркүйектен бастап Түркиядағы 200-ден астам кинотеатрда көрсетіліп, қалың көрерменге жол тартты.

Тәуелсіздікке арналған мерекелік іс-шаралардың жалғасатынын айтқан Қазақстанның Стамбулдағы Бас консулы Ә.Байел «Томирис» кинокартинасы Түркияның мәдени өміріндегі үлкен оқиғаға айналып, бауырлас халықтарды одан сайын жақындата түсетініне деген сенімін білдірді.

«Қызыл анардың» тұсауы шетелдік кинофестивальде кесіледі

Режиссер Шәрипа Оразбаеваның «Қызыл анар» атты жаңа фильмі Оңтүстік Кореядағы Пусан кинофестивалінің басты байқау бағдарламасына енді.

«Қызыл анар» кинотуындысы «New Currents» номинациясында ұсынылған. Аталмыш фильмнен басқа Иран, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Үндістан, Вьетнамнан тағы 10 фильм осы деңгейде бақ сынасады. Байқау ережесі бойынша қазылар алқасы екі жеңімпазды тандайды және олардың әрқайсысы 30000\$ көлемінде жүлдеге ие болады.

«Қызыл анар» – зорлық-зомбылықтан аман қалып, әділдік іздеген әйелдің оқиғасына құралған. Режиссердің айтуынша, «бұл кезекті әлеуметтік драма емес, шынайы



оқиғалармен өрілген поэтикалық кино».

Фильм рекордтық уақытта, яғни 12 күнде таспаланып біткен. Негізгі орын ретінде Алматы облысы таңдалып, түсірілім 2020 жылдың тамызында аяқталған. Пусан халықаралық кинофестивалі – 1996 жылдан бері Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында жыл сайын өткізілетін Азиядағы ең ірі кинофестиваль. Кинофестиваль биыл 6–15 қазан аралығында өтеді.

Айта кетейік, «Қызыл анар» Шәрипа Оразбаеваның толықметражды екінші туындысы. Режиссер алғашқы «Мәриям» атты толықметражды фильм үшін Лондонда өткен 22-халықаралық «Rainbow Film Festival» кинофестивалінде «үздік режиссер әйел» атанған.

Жамбыл қырғызша сөйледі

Жыр алыбы – Жамбылдың жыр жинағы Бішкекте қырғыз тілінде басылып шықты.

– Жамбыл ағамыз 20-жылдары осы қырғыз елінде бір тойда болған екен. Сонда бұл кісілерді айтыстырмақ болған. Бірақ сол кезде Жамбыл ағамыз «біз енді бауырдай болып кеткен адамдармыз, біз айтыспаймыз, айтысқаннан кейін жер-жебірімізге жетеміз, біз олай арамызды ашқымыз келмейді» деп, екеуі сол жерде жақсы тарапқан екен, – деді Жамбыл Жабаев әдеби-мемориалды музейінің директоры Салтанат Жамбылова.

Кітапқа ғасыр жасаған акынның өлеңдері енгізілген. Онда Жамбылдың қырғыз ағайындарға арнаған туындылары да бар. Бір мың дана таралыммен шыққан кітаптың басылымын Қазақстан қаржыландырды.

Туған күнін сұрайды

Инстаграм қолданушылары қызметті одан әрі пайдалану үшін туған күнін көрсетуді сұрайтын хабарлама алады. Мұндай талап жарнамаларды жекелендіруді жақсартуға және 18 жасқа дейінгі балаларды қорғауға мүмкіндік береді.

Қосымшаны іске қосқан кезде және ересектерге арналған ақпараты бар хабарламаларды ашқанда туған күнін сұрайды, яғни пайдаланушы экрандарында тиісті хабарламалар пайда болады. Компания адамдар туған күнін қате көрсетуі мүмкін екенін ескеріп, оны жасанды интеллект көмегімен тексеру мүмкіндігін қарастырған. Қазіргі уақытта 16 жасқа толмаған пайдаланушылардың есептік жазбалары автоматты түрде жабылады.

Арбаға таңылғандарға қолдау

Алматылық мүгедектер тегін жаттыға алатын спортзал ашылды. Онда 30-ға жуық адам арнайы тренажерларда тегін жаттыға алады. Спорт шебері Александр Легеньчук тегін залды қаңтар айының басында іске қосты.

Мүгедектер арбасына арналған арнайы тренажерларды сатып алу үшін ол пәтерін салып, несие алған.

– Бір күні мен спорт залында бір қызды кездестірдім. Ол өте әдемі еді. Оның аяғы жоқ, дені сау балалармен қарапайым залда жаттығып, өзін еркін сезіне алмайды. Оған қарап, мен жігерлендім. Қалада мүгедектер арбасында отырып, жаттығатын залдар жоқ екенін білетінмін. Олар тіпті, спортзалға кіре алмайды. Содан кейін мен мүгедектер арбасына арналған залымды ашу туралы ойлана бастадым. Есту қабілеті нашар және көру қабілеті нашар адамдар кез келген залда жаттыға алады, ал арбаға таңылғандарға арнайы тренажер, арнайы дәретхана және ыңғайлы кіру-шығу жолы қажет, – деді зал иесі.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.